

Адал еңбекке айрықша құрмет



2-бет

Жауынгерге жанашыр жоба



5-бет

«Сарыарқа» құрамын жасақтауда



8-бет

## Алаяққа арандап қалмас үшін...



Үрей мен бейкамдықтың арасы – бес-ақ минут. 22 жастағы облыс тұрғыны таңертең кофе ішіп отырып, 20 миллион теңгесінен айырылып шыға келді. Көрінеу қорқыту, жалған шенділер мен виртуалды тұзақ... Бұл – бір ғана адамның қасіреті емес, бүгінгі қоғамды іштей кеміріп жатқан интернет-алаяқтықтың нақты сұлбасы. Биылдың өзінде өңір тұрғындары желідегі құлқыны тоймас әккі алаяқтарға 2,2 миллиард теңгесін жем қылды. Ата Заңымыз «Мемлекеттің ең басты байлығы – адам» деп шегелеп тұрса да, қалтасындағы соңғы тиынына дейін тоналып, нақақтан қарызға батқан қарапайым жандарды кім арашаламақ?

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Қылмыс азайды, қауіп сейілді ме?

Интернет-алаяқтықтың күннен-күнге кемуінің орнына өршіп тұрғаны жасырын емес. Айналамызда алданған адам көп. Бірі өз атына рәсімделген несиеден көз ашпай қалса, енді бірі бар жиған-тергенін, қолындағы қаражатын, тіпті, мал-мүлкін де виртуалды тұзаққа ұстатып жатады. Қылмыскерді көрмейді, қолына ақша алмайды, құжатқа көзбе-көз қол қоймайды. Бірақ, бірнеше минуттың ішінде миллиондаған теңгеге қарыз болып шыға келеді. Облыстық полиция департаментінің дерегіне, 2024 жылы өңірде интернет-алаяқтық бойынша 794 қылмыс тіркелген.



Бытыр бұл көрсеткіш 1121 қылмысқа жетті. Ал, биылдың алғашқы алты айында 771 дерек есепке алынған. Департамент мәліметінше, биылғы көрсеткіш бытырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 31,3 пайызға төмендеген.

– Бір қарағанда, бытырғымен салыс-

тырғанда осы уақытта қылмыстың азаюы оң өзгеріс болып көрінуі әсте мүмкін. Алайда, санның төмендеуі қауіптің сейілгенін білдірмейді. Өйткені, жыл басынан бері интернет-алаяқтық салдарынан облыс тұрғындарына келген материалдық шығын 2,2 миллиард теңге. Оның ішінде

50 миллион теңгеге жуық қаражат уақытты бұғатталып, жәбірленушілерге қайтарылған.

Бүгінде киберқылмыс ауыздықтау қиын. Себебі, оның шекарасы жоқ. Қылмыскер басқа қалада, басқа елде, тіпті, басқа құрлықта отырып-ақ, адамның те-

лефонына, мессенджеріне, әлеуметтік желідегі парақшасына жол табады. Бірақ, ең қауіптісі – ол адамның қалтасына емес, алдымен санасына кіреді, – деді полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимылдар басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дінмұхамед Зияда.

Қазіргі интернет-алаяқтықты тек технологиялық қылмыс деп қарау жеткіліксіз. Иә, мұнда санаға селкеу түсіретін сілтемелер, жалған сайттар, жасанды зерде қолданылады. Десе де, қылмыстың өзегі көбіне техникада емес, адамның сол сәттегі психологиялық күйінде жатыр.

Полиция департаментінің дерегіне, биыл облыста интернет-алаяқтықтың ең көп тараған түрі – банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе өзге де ресми мекеме өкілі болып қоңырау шалу. Мұндай 334 қылмыс тіркелген. «Есепшотыңызға шабуыл жасалып жатыр», «атыңыздан несие рәсімделді», «жакыныңыз қиын жағдайға түсті», «арнайы операцияға көмектесуіңіз керек» деген сөздер адамның сенімін сына қағады. Жалған инвестициялық платформалар арқылы 314 қылмыс тіркелген. Мұнда басты қармақ – оңай олжа. «Аз ақша салып, көп табыс табасыз», «ірі компанияның инвестициялық жобасына қатысасыз», «бірнеше күнде пайда көресіз» деген уәдемен аңғал адамды үміттендіреді. Сондай-ақ, тауар мен қызмет үшін алдын ала төлем жасауда да биыл 123 қылмыс тіркелген. Бұл көбіне сенім мен асығыстыққа негізделеді.

► 4-бет

• РЕСМИ

## ТМД-ға танылған өндіріс

Облыстың екі кәсіпорны өнім мен қызмет көрсету сапасы саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының халықаралық сыйлығына ие болды. Марапаттау рәсімі Қырғыз Республикасында өткен Стандарттау, метрология және сертификация жөніндегі мемлекетаралық кеңестің отырысы аясында ұйымдастырылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, халықаралық сыйлықтың лауреаты атанған «НПО Дефектоскопия» ЖШС мұнай-газ, тау-кен өндіру, металлургия және энергетика салаларындағы өндірістік нысандарды диагностикалау және бақылау қызметтерін көрсетеді. Кәсіпорын заманауи технологияларды енгізіп, қызмет сапасын тұрақты жетілдіріп келе жатқан ұйымдардың бірі ретінде жоғары бағаланды. Ал Қарағанды облысындағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында жұмыс істейтін «Бемер Арматура» ЖШС халықаралық сыйлықтың дипломанты атанды. Кәсіпорын өнеркәсіпке арналған шарлы крандар шығарады және өнім сапасының жоғары стандарттарын сақтап келеді.

Екі кәсіпорын да ұлттық іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, Қазақстан атынан халықаралық байқауға қатысқан.

## «Игілік» «Берекені» еселеп, «Жайлау» жарылқайды

Ауыл шаруашылығын дамыту мәселесін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешенінің сөзсіз басым бағыттарының бірі ретінде айқындаған болатын. Президент бұл туралы Қазақстан халқына Жолдауында және Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің II форумында сөйлеген сөзінде арнайы тоқталып, еліміз осы саланың зор әлеуетін әлі де толық пайдалана алмай отырғанын атап өтті. Осы тапсырманы іске асыру аясында бүгінде елімізде жеңілдетілген несиеудің жаңа тетіктері енгізіліп, өңірлерге оларды әрбір фермерге дейін тиімді жеткізу міндеті жүктелді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Президент пәрмені

– Мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану қажет. Біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біраз жұмыс жүргіздік, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Енді мал шаруашылығына баса мән беруіміз керек. Байтақ даламыздың барлық аймағында жыл он екі ай бойы мал бағуға болады. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Әрине, малды бағып, өсіру, оның санын көбейту – оңай шаруа емес, өте күрделі жұмыс. Мемлекет тиісті қолдау көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің II форумында сөйлеген сөзінде.



Осыған орай, өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен кезекті брифингте өңірдегі мал басын көбейту, жеңілдетілген несиелер бағдарламалары және мал тұқымын асылдандыру бағытындағы ілкімді істер баян етілді. Қарағанды облысының ауыл шару-

ашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов сөзінің басында облыстағы мал шаруашылығы саласы тұрақты даму қарқынын сақтап отырғанын атап өтті.

– Бытырғы жыл қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы



өнім көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 11,4 пайызға өсіп, 531,1 миллиард теңгені құрады. Нақты көлем индексі – 100,3 пайыз. Ет өндірісі – 5,2 пайызға, сүт – 3,2 пайызға, жұмыртқа – 0,5 пайызға артты. Жалпы, өндірілген өнім көлемі 243,8 миллиард теңгеге жетті, – деді басқарма өкілі.

Спикердің айтуынша, ауыл шаруашылығы құрылымдарында тіркелген мал үлесі де жыл сайын артып келеді. Ірі қара мал бойынша бұл көрсеткіш – 61,3 пайыз, қой мен ешкіде – 64,1 пайыз, жылқыда – 69,6 пайыз.

– Биыл 1 қаңтардағы жағдай бойынша асыл тұқымды ірі қара малдың үлесі – 11,2 пайыз, қой – 6,9 пайыз, жылқы – 0,8 пайыз. Бұл – тұқымды түрлендіру, селекция және асылдандыру бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі, – деді Сырым Бошпанов.

Спикердің айтуынша, қол жеткізілген нәтижелерде мемлекеттік қолдаудың үлесі зор. Агроөнеркәсіп кешеніндегі жобаларды Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы қаржыландыру бағдарламасы аясында облысқа республикалық бюджеттен 7 миллиард теңге бөлінген. Сонымен бірге, ауыл тұрғындарын қолдауға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы бойынша бүгінде 83 жеңілдетілген несие берілген.

► 3-бет

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ  
ЖАСАҒЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ  
2026Қоныс  
аударушыға  
қолайлы  
мүмкіндік

Елімізде азаматтардың ерікті қоныс аудару және жұмыспен қамтылу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған тағы бір маңызды цифрлық жоба іске қосылды. Енді migration.enbek.kz порталы арқылы тұрғындар көшуді жоспарлаған өңірдегі еңбек нарығының жағдайын алдын ала бағалап, мемлекеттік қолдау шараларымен таныса алады.

Жаңа сервис азаматтарға болашақ қоныс аударатын өңірді жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Порталда бос жұмыс орындары, тұрғын үймен қамту тетіктері, мемлекеттік қолдау шаралары және бағдарламаға қатысушыларға қарастырылған өзге де мүмкіндіктер туралы өзекті мәліметтер ұсынылған. Бұл азаматтардың шешімді байыппен қабылдауына және жаңа ортаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасайды.

Порталдың басты ерекшелігінің бірі – өңірлердегі еңбек нарығына қажетті мамандықтар тізімінің тұрақты жаңартылып отыруы. Бүгінде денсаулық сақтау, білім беру, инженерлік-техникалық сала, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және жұмысшы мамандықтарына сұраныс жоғары. Сонымен қатар, бухгалтерлер, экономистер мен әлеуметтік сала қызметкерлеріне де қажеттілік сақталып отыр.

Сервистегі интерактивті карта пайдаланушыларға елдімекендердің әлеуметтік инфрақұрылымымен танысуға мүмкіндік береді. Онда білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, басқа да маңызды нысандар мен кеңес алу үшін қажетті байланыс деректері орналастырылған. Бұл көшуді жоспарлау үдерісін барынша ашық әрі ыңғайлы етеді.

2026 жылы ерікті қоныс аудару өңірлері ретінде Абай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстары айқындалған.

Өз тілшімізден

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Бастапқы  
жарнасыз  
баспана

Қарағанды облысында баспаналы болуға ниетті тұрғындар үшін тағы бір мүмкіндік ашылды. Саран қаласында сатып алу құқығымен жалға берілетін 250 пәтерге құжат қабылдау басталды. Бағдарлама бастапқы жарнасыз жүзеге асырылады және тұрғындарға баспананы біртіндеп өз меншігіне рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Пәтерлер Саран қаласындағы Химик шағын ауданында орналасқан. Өтінімдер 17 шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылданады.

Бағдарламаға Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ, Қарағанды облысында тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекте тұрған қандастар қатыса алады. Сонымен қатар, өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың, бюджеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың қызметкерлеріне де қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі – бастапқы жарнаның талап етілмеуі. Жалға алу ақысы пәтердің ауданына қарай айына 60 мың теңгеден 147 мың теңгеге дейін белгіленген. Жалға беру мерзімі 20 жылға дейін созылады. Ал, қаржылық мүмкіндігі бар азаматтар тұрғын үйдің құнын мерзімінен бұрын төлеп, пәтерді өз атына ертерек рәсімдей алады. Құжаттар Қарағанды қаласындағы Поспелов көшесі, 16 және Саран қаласындағы Жамбыл көшесі, 65 мекенжайларында қабылданады. Үміткерлер белгіленген үлгідегі сауалнаманы толтырып, жеке деректері мен байланыс ақпаратын, сондай-ақ қажетті бөлме санын көрсетуі тиіс.

Тұрғын үйге өтінім қабылдау ашықтық қағидаты негізінде жүргізіледі.

Өз тілшімізден

## САЛТАНАТ

## Адал еңбекке айрықша құрмет

Кеше ветеринария қызметкерлері күніне орай облыс әкімдігінде сала мамандары мен ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, сала үздіктері марапатталды. Еске салалық, атаулы кәсіби мереке Қазақстан Республикасында үшінші жыл қатарынан аталып өтуде.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков пен Қарағанды облыстық маслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов ветеринария саласы қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, олардың қоғам алдындағы жауапты миссиясына тоқталып өтті.

– Мал шаруашылығының өркендеуі – елдің әл-ауқаты мен денсаулығының негізі. Ал, сол саланың берік тірегі – өз ісіне адал мамандар. Сіздер күн сайын төрт түліктен тарайтын түрлі аурулардың алдын алып, халықтың денсаулығын қорғауға үлес қосып келесіздер. Ерен еңбектеріңіз, табандылықтарыңыз бен кәсібиліктеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, – деді Руслан Кенжебеков.

Өңірде ветеринария қызметін жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Мәселен, тек соңғы үш жыл ішінде бес модульдік ветеринариялық бекет салынып, аудандық және қалалық ветеринариялық стансаларға 78 арнайы автокөлік пен биологиялық препараттарды сақтауға арналған 60 тоназытқыш берілді. Быыл тағы 70 жаңа ветеринариялық пункт пайдалануға беріледі деп көзделуде.

Кәсіби мерекесінде атаулы салаға сіңірген еңбегі үшін бірқатар мамандар мемлекеттік



және ведомстволық наградалармен марапатталды. Қарқаралы ауданы Ынталы ауылының ветеринар дәрігері Сәуле Жидебаева «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болса, «Еңбек ардагері» медалі Бұқар жырау ауданы Ростов ауылдық округінің ветеринария маманы Қайрат Аршкеновке табысталды. Ал, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі Шахтинск қалалық ветеринариялық стансасы филиалының директоры Амангелді Байтасовқа, Нұра аудандық ветеринариялық стансасы Заречный ауылдық округіндегі ветеринариялық пункт меңгерушісі Нұрбек Жармағанбетовке, Шет аудандық ветеринариялық стансасының басшысы Жанболат Түсіповке және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Нұра аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Анна Шестюкке табысталды. Мұнымен бірге, ветеринария саласының бірқатар қызметкерлері Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Иә, еңбек ешқашан елеусіз қалмайды. Өз кәсібін адал ветеринар мамандарының мерекесіне марапатталуы – олардың қоғам алдындағы еңбегіне берілген әділ баға. Сөйкесінше сала қызметкерлеріне көрсетілген құрмет, тұтастай алғанда ауыл шаруашылығының дамуына қосылған үлесті бағалаудың айқын белгісі болса керек.

– Ветеринария – жойылмайтын, қайта уақыт өткен сайын маңызы арта түсетін асыл мамандық. Өйткені, мұндай сала төрт түліктің саулығын ғана



емес, халықтың денсаулығы мен азықтүлік қауіпсіздігін де қоса қорғайды. Ветеринардың еңбегі кей-кейде көзге көрінбейді. Бірақ, оның нәтижесі әр шаңырақтың дастарқанынан көрінеді. Бізге көрсетілген шынайы құрмет ақ адал еңбегімізге деген

алғаусыз алғыс болар. Барлық әріптестерімізді кәсіби мерекесімен құттықтаймын! – деді сала қайраткері Жанболат Түсіпов.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## Әріптестікке жаңа серпін

Облыс делегациясының Словакия Республикасына жасаған жұмыс сапары өнеркәсіп, инвестиция, білім беру және ғылым салаларындағы жаңа бастамаларға жол ашты. Кездесулер қорытындысында үш маңызды келісімге қол қойылып, екі ел арасындағы ұзақмерзімді әріптестікті нығайтуға негіз қаланды.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасының Словакиядағы Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған сапарға облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов жетекшілік етті. Делегацияның басты мақсаты – Банска-Бистрица өзін-өзі басқару өлкесімен экономикалық байланыстарды жандандырып, инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру.

Сапар барысында Банска-Бистрица өлкесінің төрағасы Ондřej Лютнермен және Словакия Республикасы Президенті кеңесінің өңірлік бөлімшесінің басшысы Михал Фричпен мазмұнды келіссөздер өтті. Тараптар өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, шағын және орта бизнесіне қолдау, білім беру, жастар алмасуы, туризм және инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Кездесу қорытындысында словак бизнес-делегациясының 2027 жылдың алғашқы тоқсанында кеңшілер өлкесіне сапармен келуі жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл өңірлер арасындағы іскерлік байланыстың жаңа кезеңін бастайды деген сенім бар.

Жұмыс сапарында академиялық ынтымақтастыққа да ерекше көңіл бөлінді. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің делегациясы Матей Бел университетінде, Зволнен техникалық университетінде және Словакияның Мемлекеттік ғылыми кітапханасында кездесулер өткізіп, ғылыми-зерттеу бағытындағы ықпалдастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

Әңгіме бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту, халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысуды арттыру төңірегінде өрбіді. Мұндай байланыстар қазақстандық жоғары білімнің ха-



Сурет облыс әкімінің кабинетінде

лықаралық кеңістіктегі ықпалдастығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Сапар бағдарламасындағы маңызды шараның бірі – «Қазақстан-Словакия» бизнес-форумы болды. Форумға екі елдің мемлекеттік органдары мен бизнес қауымдастығының өкілдері қатысып, өзара тиімді әріптестіктің басым бағыттарын талқылады. Жиында Қарағанды облысының өндірістік және инвестициялық әлеуеті кеңінен таныстырылып, Банска-Бистрица өлкесінің мүмкіндіктері де ұсынылды.

Форум аясында өткен B2B және B2G форматындағы кездесулер іскер топтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Қазақстандық және словакиялық отыздан астам компания өкілдері өндірістік кооперация, технологиялар трансфері, инновациялық жобаларды жүзеге асыру және жаңа нарықтарға бірлесіп шығу мүмкіндіктерін саралады. Мұндай кездесулер нақты инвестициялық бастамалардың пайда болуына негіз қалайды.

Сапардың ең басты нәтижесі – үш маңызды құжатқа қол қойылуы. Бірінші құжат Қарағанды облысы мен Банска-Бистрица өзін-өзі басқару өлкесі арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға бағытталған ниеттер туралы мәлімдеме болса, екіншісі – Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы мен Банска-Бистрица өңірлік

сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім. Бұл құжат кәсіпкерлер арасындағы іскерлік байланысты нығайтып, екі ел бизнесінің өзара серіктестігін дамытуға жол ашады.

Үшінші келісім академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті мен Матей Бел университеті арасында жасалды. Құжат қос диплом бағдарламаларын дамытуға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық жобаларды іске асыруға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Сапардың екінші күні Қарағанды делегациясы Банска-Бистрица өлкесінің бірқатар жетекші кәсіпорындарын аралап, өнеркәсіп, энергетика және көлік салаларында қолданылып жүрген заманауи технологиялармен танысты. Өндірісті цифрландыру, энергия тиімділігі мен инновациялық басқару шешімдері қазақстандық мамандардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Кеңшілер өлкесі соңғы жылдары халықаралық әріптестікті дамытуға басымдық беріп келеді. Мұндай кездесулер өңірге жаңа инвестициялар тартуға, өндірістік кооперацияны кеңейтуге, ғылым мен білім саласындағы халықаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Словакияға жасалған бұл жұмыс сапары да екі елдің өңіраралық байланысын жаңа деңгейге көтеріп, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға берік негіз қалыптастырды.

## ГАЗДАНДЫРУ

Көгілдір  
отынды көп  
күтпейміз

Облыста елдімекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Быыл аймақта жалпы ұзындығы 150 шақырым болатын газ тарату желілерін салу жоспарланған. Бұл тұрғындардың көгілдір отынға қолжетімділігін кеңейтіп, өңірдің инженерлік инфрақұрылымын дамытуға серпін береді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоспарланған желілердің 120 шақырымы Қарағанды қаласында, ал, қалған 30 шақырымы Ақтау және Ғабиден Мұстафин кенттерінде салынады. Жобаларды іске асыру нәтижесінде газбен жабдықтау жүйесінің қамту аумағы ұлғайып, жаңа тұрғын үйлерді табиғи газға қосуға мүмкіндік туады.

Соңғы жылдары өңірде газдандыру жұмыстары кезек-кезеңінен жүзеге асырылып келеді. Бүгінде облыста жалпы ұзындығы 647 шақырым газ тарату желісі тартылған. Соның арқасында 16 мыңнан астам жеке тұрғын үй табиғи газға қосылып, шамамен 65 мың тұрғын көгілдір отын игілігін көріп отыр.

Газдандыру – тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартумен қатар, экологиялық ахуалды оңалтуға ықпал ететін маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі. Сондықтан, өңірде бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, табиғи газға қосылатын елдімекендердің саны арта түспек.

## Келбеті келіскен кент



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қазір елімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғыртуды тұрақты дамудың негізгі факторы ретінде атап, тариф өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуі тиіс екенін айтқан болатын.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Президент инфрақұрылым жобаларының ашықтығын қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды дамытуға қажеттіліктер де назар аударды. Осы міндеттер өңірлерде нақты жобалар арқылы жүзеге асып келеді. Соның бір айшықты көрінісі – Балқаш қаласына қарасты Саяқ кентінде инфрақұрылымды жаңғырту, абаттандыру және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың жалғасуы.

Биыл ел аумағы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңартуға 1,1 триллион теңгеден астам қаржы бөлінбек. Аталған шаралар үш жыл ішінде коммуналдық желілерді тозуын 40 пайызға дейін төмендетуге бағытталған.

Қарағанды облысында да инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту, жылу, қарыз және газ жүйелерін дамыту жұмыстары жүзіліп жатыр. Сол бағытта биыл 61 ауылдың 4 мыңнан астам тұрғыны таза ауыз суға қол жеткізбек. Өңір халқының 98,7 пайызы ауызсумен қамтылған. Қазіргі таңда 148 шақырымнан астам су құбыры, 44 шақырым қарыз желісі салынып, қайта жаңғырылуда. Сондай-ақ, 22 шақырым жылу жүйесі ауыстырылып, үш қазандық жаңартылған.

Биыл Саяқ кентінің көшелеріне 100 жаңа жарық шамы орнатылып, 40 тірек ауыстырылды. Сонымен қатар, көше жарығы жүйесі жаңғыртылып, қоғамдық орындар көркейтілуде.

Саяқ кентінің әкімі Нариман Құдайберлиннің айтуынша, көшелерді жарықтандыру жүйесін жаңғырту алдағы уақытта да кезек-кезеңімен жалғасуда.

– Инфрақұрылымның игілігі ең әуелі тұрғынның күнделікті тіршілігінен көрінсе керек. Көшеге жарық түссе – кешкі жүріс қауіпсіз. Жаяу жүргінші жолы салынса – бала да, қария да алаңсыз қозғалады. Қоғамдық кеңістік жаңарса – елді мекеннің еңсесі көтеріледі. Сондықтан, абаттандыру, жарықтандыру, тұрғын үй қорын жаңарту секілді жұмыстарды тек шаруашылық іс деп қарауға болмайды. Былтыр да Саяқта инфрақұрылымды дамыту мен абаттандыру бағытында бірқатар жоталы жоба жүзеге асты. Қоғамдық кеңістіктер жаңартылып, көпқабатты тұрғын үйлерге жөндеу жүргізілді. Көше жарығы жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасып, коғалдандыру қолға алынды. Сондай-ақ, мәдени нысандар жаңартылды, – деді кент әкімі.

Абаттандыру жұмыстарының нақты нәтижесі көшелерден де көрінеді. Ғарышкерлер көшесінде жаңа жаяу жүргінші жолы салынды. Кеншілер көшесіндегі алаңға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Кент аумағындағы рұқсат етілмеген қоқыстар тазаланып, ағаштарды бұталау және жасарту жұмыстары жүргізілді.

Тұрғын үй қорын жаңарту да назардан тыс қалған жоқ. Жібек жолы көшесіндегі көпқабатты үш тұрғын үйдің шатырына күрделі жөндеу жүргізілді. Әлеуметтік инфрақұрылымның да маңызы бөлек. Саяқтағы «Горняк» мәдениет үйі толық жаңартылып, нысанның келбеті жаңаша сипат алды. Инфрақұрылымды жаңғыртудың тағы бір маңызды қыры – қауіпсіздік. Кентке бейнебақылау камераларының орнатылуы қоғамдық тәртіпті сақтауға, құқықбұзушылықтың алдын алуға және тұрғындардың қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған. Жаңартылдырылған көше мен бейнебақылау жүйесі қатар келгенде, қоғамдық кеңістіктің қауіпсіздігі де арта түседі.

## «Игілік» «Берекені» еселеп, «Жайлау» жарылқайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Берекеге бастар бағдар

2026-2030 жылдарға арналған мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары аясында іске асырылатын «Игілік» пен «Береке» бағдарламалары ерекше маңызға ие. Бұл бағдарламалар асыл тұқымды мал сатып алуға бағытталған және табынның генетикалық әлеуетін арттыруға тың мүмкіндік береді. «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Мүсіреп Хасенов жаңа «Жайлау» бағдарламасының мүмкіндіктеріне арнайы тоқталып өтті.

– Бағдарлама шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға арналған. Фермерлер жылдық 6 пайыздық мөлшерлемесімен 10 жылға дейін жеңілдетілген несиелік алады. Қаражат шалғай жайылымдардағы инфрақұрылымды дамытуға және асыл тұқымды мал сатып алуға бағытталады, – деді ол.

Мүсіреп Мұратұлының айтуынша, несиелік қаражатты мал сатып алумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, репродукторлық фермаларды жаңадан салуға қажетті құрылыс-монтаж жұмыстарына да жұмсалып.

– Бағдарламаға қатысу үшін кемінде 300 бас ірі қара немесе 1000 бас ұсақ мал болуы қажет. Қаржыландырудың ең жоғары сомасы ірі қара мал шаруашылығы жобалары үшін 350 миллион теңгеге дейін, қой шаруашылығы үшін 200 миллион теңгеге дейін қарастырылған, – деді филиал директоры.

Қаржыландыруға қол жеткізу үшін облыс әкімдігі жанындағы үйлестіру кеңесінің ұсынымы қажет екенін де атап өтті. Несиелену екіші деңгейлі банктер мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама туралы толық ақпаратты «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ филиалдарынан, ресми сайтынан немесе 1408 бірінші байланыс орталығы арқылы алуға болады.

Ал, «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ Қарағанды облысы бойынша филиал директорының несиелену жөніндегі орынбасары Саида Мұсабекова «Игілік» және



«Береке» бағдарламаларының жаңартылған шарттарын таныстырды.

– Біз жеңілдетілген қаржыландыруға қол жеткізе алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қатарын едәуір кеңейттік. Енді бағдарламалар ет және сүт бағытындағы ірі қара шаруашылығымен қатар қой, жылқы, түйе, шошқа, марал шаруашылығы мен омарташылықты да қамтиды, – деді спикер.

Мәлім болғандай, несиелік мөлшерлемесі бұрынғыдай жылдық 6 пайыз деңгейінде сақталған. Қаржыландыру мерзімі – 7 жылға дейін. Ал, қарыз алушыларға 30 айға дейін жеңілдік кезеңі беріледі.

– Аталған уақыт шаруашылықты қалыптастырып, төл алу циклінен өтіп, негізгі несиелік төлемдері басталғанға дейін өндірістік қуатына шығуына септігін тигізеді, – деп түсіндірді Саида Амангелдіқызы.

«Игілік» бағдарламасы отандық және шетелдік асыл тұқымды мал сатып алуға лайықталған. Мұнда малдың тұқымды, жасы және селекциялық құндылығына нақты талаптар қойылады. Ал, «Береке» бағдарламасы жоғары өнімді импорттық ірі қара мен ұсақ малдың ірі партияларын сатып алуға дайын шаруашылықтарға арналған.

– Өтінімдерді қарастыру кезі-

де фермердің түпкі ниетін ғана емес, оның шаруашылығының нақты дайындығын да бағалаймыз. Жер көлемі, жемшоп қоры, қора-жайы мен ветеринарлық қызметінің болуы міндетті түрде ескеріледі, – деді ол.

Жаңашылдықтардың бірі ретінде сатып алынған малды міндетті түрде сәйкестендіру талап етілетіні және белгілі болды.

– Әрбір мал басы мемлекеттік ақпараттық жүйеде тіркелуі тиіс. Бұл олардың қозғалысын бақылауға және мемлекеттік қолдау қаражатының мақсатты жұмсалып қамтамасыз етуге оң ықпал етеді, – деді Саида Мұсабекова.

Қарыз алушылар несиелік мерзімі аяқталғанға дейін сатып алынған мал басын сақтауға міндетті екенін де еске салды спикер. Ауыл шаруашылығы басқармасының тарабы негізгі міндеттер мен статистикалық көрсеткіштерді айқындаса, Аграрлық несиелік компаниясы сол міндеттерді іс жүзінде жүзеге асырудың нақты қаржылық тетіктерін ұсынып отыр. Жеңілдетілген несиелік бағдарламаларына қатысуға ниетті шаруашылықтарға Аграрлық несиелік компаниясы мамандары құжаттарды рәсімдеуді кейінге қалдырмауға кеңес береді. Өйткені, «Жайлау», «Игілік» және «Береке» бағдарламалары 2030 жылға дейінгі мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары аясында жүзеге асыры-

лады. Демек, бұл мүмкіндікті пайдалануға уақыт бар. Алайда, оны бүгіннен бастап тиімді қолдану қажет.

\*\*\*

Қыр баласы ықылым заманнан бері есіл уақытын төл алу науқанымен, қой қоздағып, төрт түлгіні төлетіп, еншілі малын жазғы жайлауға айдап, қысқы қыстауға қайтару кезеңдерімен өлшеп, дағдыланғаны аян. Осы тұрғыдан алғанда, Мемлекет басшысы жүктеген міндет – кешенді жоспардағы кезекті көрсеткіш, ғасырлар бойы қалыптасқан осы табиғи ырғаққа жаңа тыныс беру тегеуріні. Мұндай ауқымды жұмыста Қарағанды облысы – сырттай бақылаушы емес, Президент тапсырмасын нақты іске асырып жатқан өңірлердің бірі. Бүгінде осы келелі міндет жеңілдетілген несиелік шарттарында, асыл тұқымды малдың құжаттарында, алдағы уақытта шалғай жайлауларда бой көтеретін репродукторлық фермалардың жобаларында нақты көрініс тауып отыр. Брифинг барысында айтылған әрбір миллиард теңге мен әрбір жеңілдетілген несиелік мөлшерлемесінің түпкі мақсаты біреу. Жайылым жерінің әлеуетін толық пайдаланып, елді өз өнімімізбен қамтамасыз ету.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Саяқта өрт сөндіру бекеті ашылды

Саяқ кентінде тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды нысан – 210-шы «Ауыл құтқарушылары» ерікті өртке қарсы құралымы салтанатты түрде ашылды. Бұл – ауылдық елді мекендердегі өрт қауіпсіздігін күшейтіп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету жүйесін жетілдіруге арналған кезекті маңызды қадам.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа өрт сөндіру бекеті 2 мың 300-ден астам тұрғыны бар Саяқ кенті мен оған жақын орналасқан елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұған дейін өрт оқиғалары кезінде арнайы бөлімшелердің жетуі уақыт алатын болса, енді жаңа бекеттің іске қосылуы шақыртуларға жедел жетуге мүмкіндік беріп, тілсіз жаудың кең таралуының алдын алуға ықпал етеді.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған нысанда өрт сөндіру техникасы, арнайы байланыс құралдары, өрт-техникалық жарақтар және жауынгерлік киім-кешек толық қарастырылған. Қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне барлық қажетті жағдай жасалған. Бұл өз кезегінде өрт пен өзге де төтенше жағдайларға қысқа мерзімде ден қойып, олардың зардабын азайтуға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, жаңа бекеттің ашылуы ең алдымен адам өмірі мен мүлкін сақтауға бағытталған. Сонымен қатар, ерікті өртке қарсы құра-



лым тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттап, алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізуге де ерекше көңіл бөлімек.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек құтқару қызметтерінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе, ауылдық жерлерде төтенше жағдайларға жедел ден қою тұрғындардың өмірі мен денсаулығын, тұрғын үй-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

лер мен әлеуметтік нысандарды сақтап қалуға шешуші рөл атқарады. Сондықтан, мұндай өрт сөндіру бекеттерінің ашылуы қауіпсіздік жүйесін нығайтып қана қоймай, төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

## Жол сапасы жақсарып келеді

Бұқар жырау ауданында жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл аудан аумағында бірнеше маңызды жол учаскесі жөнделіп, көлік қатынасының қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған жобалар қолға алынды. Бұл жұмыстар елді мекендер арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, тұрғындардың қатынасын жетілдіруге де мүмкіндік береді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы уақытта Ақсар ауылына кіреберіс бес шақырымдық автомобиль жолында жүргізілген орташа жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Жоба барысында жолдың бойлық және көлденең еңісі қалпына келтіріліп, негізі күшейтілді. Сонымен бірге, су өткізу жүйесі жаңартылып, қажетті құбырлар орнатылды. Жолға жаңа асфальтбетон жабыны төселіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жол таңбалары салынды.

Жаңартылған жолдың сапасы арнайы зертханалық тексеруден өтті. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы жүргізген сынақ нәтижелері төселген асфальтбетонның барлық техникалық көрсеткіші қолданыстағы нормативтік талаптарға толық сәйкес келетінін растады. Бұл орындалған жұмыстың сапасына қойылған талаптардың сақталғанын көрсетеді.

Аудандағы жол жөндеу жұмыстары мұнымен шектелмейді. Қазіргі уақытта «Қарағанды-Калининно-Ақбастау-Суықсу» бағытындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолының бес шақырымдық бөлігінде орташа жөндеу жүргізілуде. Бүгінде мердігер ұйым айналма жол салу жұмы-



старын атқарып жатыр. Бұл кезек аяқталған соң негізгі жол төсемін жасау жұмыстары басталады.

Жолдарды жаңғырту – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды бағыттардың бірі. Сапалы жол тұрғындардың қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігін арттырады, төтенше жағдай қызметтерінің де жедел әрекет етуіне мүмкіндік береді. Одан бөлек, жаңартылған инфрақұрылым жол-көлік оқиға-

ларының алдын алып, қозғалыс қауіпсіздігін күшейтуге ықпал етеді.

Бұқар жырау ауданында қолға алынған бұл жобалар өңірдің көлік инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңарту жұмыстарының жалғасып жатқанын аңғартады. Алдағы уақытта жол сапасының жақсаруы аудан тұрғындарының тұрмыс қолына жеткізіліп, елді мекендердің өзара байланысын одан әрі нығайта түсері сөзсіз.

Бұқар жырау ауданы

# Алаяққа арандап қалмас үшін...

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Соңғы орын қалды», «қазір төлем жасасаңыз ғана бронь сақталады», «тауар тез өтіп жатыр», «жеңілдік бүгін ғана» деген сөздер адамға ойлануға мұрша бермейді.

Бір қарағанда, бәрі қарапайым. Алаяқ алдымен, адамды қалыпта ойлау ырығанын жаңылдырады. Қорыққан адам қысылтанып шақта тексеріп үлгермейді. Асыққан адам ақылдасып жатпайды. Оңай олжаға сенген адам күмәнді кейінге ысырады.


Психолог Балауса Ермакованың айтуынша, онлайн алаяқтар көбіне адамның эмоциясын нысанаға алады. Олар қорқыныш, асығыстық немесе тез пайда табу ниетін қоздырып, адамның логикалық ойлауын әлсіретеді. Сондықтан, жастарды да, ересектерді де тек интернет қауіпсіздігіне ғана емес, эмоцияны басқаруға және сыни ойлауға үйрету маңызды.

– Алаяқтықтың құрбаны болған жандар ең алдымен, өзін кінәлі сезінеді. «Неге сеніп қалдым?», «Неге байқамадым?» деген ой оларды жегідей жейді. Кейбірі болған жағдайды ата-анасынан, жақындарынан немесе достарынан жасырып, іштей күйзеліске түседі. Ұят, қорқынышпен үрей адамның эмоционалды тұрақтылығына әсер етеді. Сол себепті де, интернет-алаяқтықтың алдын алу тек «SMS-кодты айтпа» деген ескертумен шектелмеуі керек. Цифрлық сауатпен қатар, психологиялық дайындықты да қажет ететін мәселе. Адам күмәнді қоңырау түскен сәтте тоқтап, ойлануды, жақынымен ақылдасуды, ресми нөмірге өзі қайта хабарласуды әдетке айналдыруы тиіс. Өйткені, алаяқтың алғашқы нысанасы – есеппот емес, эмоция, – деді ол.

## «Арнайы операция» болмайды

Соңғы тіркелген бір оқиға алаяқтық жүйесінің қалай жұмыс істейтінін анық айшықтаса керек. 42 жастағы тұрғын әлеуметтік желіден «Касин Профит» деп аталатын жалған инвестициялық платформаның жарнамасын көреді. Бейнероликте елімізде танымал адамның бейнесі пайдаланылған. Әйел анкета толтырып, жеке деректерін қалдырғаннан кейін оған өзін инвестициялық платформаның менеджері ретінде таныстырған адам хабарласады.

Әуелі одан 70 мың теңге салуды сұрайды. Бір-екі сағаттан кейін жәбірленушінің шотына 45 мың теңге қайтарылады. Бұл – алаяқтардың сенім қалыптастыру үшін қолданылған құйтұрқы әдісі. Адам «расында пайда бар екен» деп ойлайды. Кейін оған көп ақша салса, табысы да көп болатыны айтылады. Осылайша, жәбірленуші несие рәсімдейді, қарыз алады, ломбардқа алтындырып салады. Жалған сайттағы жеке кабинетте 30 мың АҚШ доллары көлемінде пайда көрсетіледі.



Бірақ, ақшаны шешіп алуға келгенде кедергілер басталады. Әуелі «салық төлеу керек» дейді. Кейін «шотыңыз бұғатталды» деген желеу айтады. Одан соң «төлем қабілеттілігіңізді растау үшін тағы ақша салыңыз» деп талап етеді. Ақырында әйел 16 миллион теңгесінен айырылды да қалды.

Бұл схеманың ең қауіпті жері – алғашқы «пайда». Алаяқ адамға азғантай соманы қайтарып, оның күдігін сейілетеді. Сенім пайда болған соң ғана ірі қаржыға көшеді. Сондықтан, «алғашқы табыс түсті» деген белгі қауіптің сейіленгені емес, тұзақтың тереңдегенін білдіруі мүмкін.

Оңай олжаға сену – адам табиғатындағы әлсіздік. Алаяқтар осы әлсіздікті ұтымды пайдаланады. Әсіресе, қаржылық қысым, несие, табыс тапшылығы, тұрмыстық қиындық көбіген кезде «қосымша табыс» туралы жарнаманың әсері күшейеді. Бірақ, инвестиция ешқашан телефондағы бейтанис менеджердің нұсқауымен, күмәнді сілтемемен, асығыс төлеммен басталмауы керек.

Дінмұхамед Ғалиұлының айтуынша, жалған инвестициялық платформаларға қарсы жұмыс барысында криптоөміяндар анықталып, көрші мемлекеттердегі әріптестермен өзара іс-қимыл жүргізіліп жатыр. «Кибербақылау» жүйесі арқылы күмәнді жарнамалар анықталып, бұғатталауда. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде интернет-алаяқтыққа қарсы бейнероликтер таргеттік жарнама ретінде көрсетіле бастаған.

Дегенмен, мұндай қылмыстың алдын алуда ең басты сүзгі – адамның өзі. Қандай да бір платформа жоғары табысқа кепілдік берсе, белгілі компанияның атын жамылса, ақша салуға асықтырса, құжат пен лицензияны ашық көрсетпесе, оған сенудің қажеті жоқ.

Шынайы инвестицияда тәуекел түсіндіріледі. Алаяқтықта тек пайда уәде етіледі.

– Жаз айларында жалған туристік агенттіктер көбейеді. Әлеуметтік желіде арзан жолдама, демалыс орны, қонақүй, пәтер, жағажайға жақын үй туралы жарнамалар шығады. «Орын аз қалды», «бронь үшін алдын ала төлем керек», «қазір төлем жасамасаңыз, баға өседі» деген сөздер адамды асықтырады. Ал, ақша аударылғаннан кейін парақша өшеді, нөмір жауап бермейді, «менеджер» ізім-ғайым жоғалады. Қыс мезгілінде схема басқа сипат алады. Жаңа жыл қарсаңында сыйлық, ұтыс ойыны, мерекелік жеңілдік, балаларға арналған тауарлар, техника, киім-кешек жарнамалары көбейеді. Мұнда да негізгі әдіс сол – сенімге кіру және ойлануға уақыт бермеу, – дейді аға уәкіл.

Онлайн саудада алаяқ кейде сағушы, кейде сағып алушы болып шығады. Бірінде алдын ала төлем сұрайды, екіншісінде «жеткізу қызметі арқылы рәсімдейік» деп сілтеме жібереді. Адам сілтемеге өтіп, банк картасының деректерін енгізген сәтте ақшасынан айырылуы мүмкін. Сондықтан, хабарландыру сайттарында, Instagram немесе мессенджер арқылы сауда жасағанда ресми төлем жүйесінен тыс әрекетке бармаған жөн.

Бұл жерде де алаяқтың басты құралы – асықтыру. «Тек бүгін», «соңғы тауар», «қазір төлеңіз», «бронь күйіп кетеді» деген сөздер адамның сақтық сүзгісін әлсіретеді. Ал, шынайы сағушы немесе қызмет көрсетуші клиентке ойлануға, тексеруге, келісімшартпен танысуға мүмкіндік береді.

Интернеттегі әр жарнамаға күмәнен қарау – қорқақтық емес, қорғаныс. Әсіресе, баға нарықтан тым арзан болса, парақшада нақты мекенжай, байланыс дерегі, пікірлер мен құжаттар болмаса, төлемді жеке адамның картасына

аударуды сұраса, бұл – сақтануға себеп.

## Қартанды бергенің – қылмысқа кіргенің

Интернет-алаяқтықтың көзге көп көрінбейтін, бірақ, ең қауіпті буынының бірі – дропперлер. Қылмыскер жәбірленушінің ақшасын көбіне өз атына емес, өзгенің банк картасына, шотына немесе электронды әмиянына аудартады. Сол арқылы ізін суытады. Ал, әлгі картасын берген адам кейде мұны жай ғана «ақша өткізіп беру», «жеңіл табыс», «бір реттік жұмыс» деп ойлауы мүмкін.

Бірақ, заң алдында бұл – жауапкершілігі бар әрекет. Облыста жыл басынан бері өз банк картасын, шотын үшінші тұлғаларға беріп, дроппер ретінде пайдаланылған азаматтарға қатысты Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы бойынша 44 қылмыстық іс қозғалған. Оның 13-і бойынша сот шешімі шыққан. Қалған істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүріп жатыр.

Аталған бап бойынша 160 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұлдан бастап, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Демек, «қартанды бере салдым», «не үшін екенін білмедім», «ақшаны тек өткізіп бердім» деген уәж адамды жауапкершіліктен толық арашалап қала алмайды.

Дропперлер көбіне жастар арасынан шығады. Студенттерге, жұмыссыз жүргендерге, тез ақша тапқысы келетіндерге «қартанды уақытша бере тұр», «шотыңа ақша түседі, сен шешіп бересің», «пайызы өзіңе қалады», «онлайн жұмыс» деген ұсыныстар жасалады. Сырт көзге бұл оңай табыс сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, сол карта арқылы біреудің зейнетақысы, біреудің несіесі, біреудің жылдар бойы жинаған ақшасы өтіп жатқанын түсінгенде, оның салмағы мүлде басқа болмақ...

## Алданған адамды кім қорғайды?

Интернет-алаяқтықтың ең ауыр салдары – жоғалған ақша ғана емес. Кейде адам өзі көрмеген, ұстамаған, пайдаланбаған миллиондаған теңгеге қарыз болып шығады. Алаяқтар оның атына несие рәсімдетеді, депозитін шешкізеді, ломбардқа мүлкін салғызады. Бір сәттік сенімнен кейін адам ұзақ жылдық берешекпен бетпе-бет қалады. Мұндай жағдайда жәбірленушінің кінәлай салу оңай, ал, оны қорғау әлдеқайда күрделі.

Осы сауал төңірегінде заңгер Кәмшат Мейірбекқызымен пікірлесіп көрдік. Оның айтуынша, алаяқтық жолмен рәсімделген несиеге қатысты басты назар қаржы ұйымының мүддесіне ғана емес, ең алдымен, зардап шеккен азаматтың құқығын қорғауға аударылуы тиіс.

– Конституциямызда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде айқындалған. Демек, азамат өз еркінен тыс қарызға батса, оның құқығын қорғаудың нақты әрі тиімді тетіктері жұмыс істеуі керек. Бұл ретте жауапкершілікті әділ бөлу қағидасы маңызды. Егер банк немесе микроқаржы ұйымы клиенттің жеке деректерін тексеру, биометриялық сәйкестендіру, күмәнді операцияны анықтау кезінде жеткілікті сақтық танытпаса, оның зардабын тек алданған азамат арқаламауы тиіс. Қаржы ұйымдарының қауіпсіздік жүйесіндегі осалдық та құқықтық тұрғыдан бағалануы қажет.

Азаматтың «бұл несие мен рәсімдеген жоқпын» деп дау айтуға құқығы бар. Мұндай жағдайда құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғаған сәттен бастап, сот шешімі шыққанға дейін өсімпұл мен айыппұл есептеуді уақытша тоқтату мәселесі де өзекті. Себебі, жәбірленуші бір жағынан қылмыстық істің нәтижесін күтсе, екінші жағынан банк алдындағы берешек қысымына тап болады, – деді Кәмшат Мейірбекқызы.

Полиция департаментінің қылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының мамандары осы бағытта интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында күнделікті және үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Тек соңғы маусым айының өзінде 20 118 түсіндірме қағазы (биоlettені) таратылған. Телеарна арқылы 4 ақпараттық сұхбат беріліп, әлеуметтік желілерде 51 ақпарат жарияланған. Сонымен қатар, 4 718 пәтер қамтылып, 47 мемлекеттік ұйым мен 284 мемлекеттік емес ұйымда түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Instagram желісінде таргеттік жарнама арқылы алаяқтыққа қарсы бейнероликтер де көрсетілуде.

– Аз жұмыс емес. Дегенмен, интернет-алаяқтықтың қарағар тұстарына үнісек, профилактика тек ескерту парағын таратумен шектелмеуі керек. Себебі, адам ескертуді оқығанымен, ала-

яқ қоңырау шалған сәтте үрейге берілуі мүмкін. Қорқыныш күшейгенде есте сақталған ереже кейінге ысырылады. Сондықтан, алдын алу жұмысы адамның нақты жағдайдағы шешім қабылдау дағдысын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мысалы, егде жастағы адамға «фишинг», «DeerFake», «спуфинг» деген термин түсініксіз болуы мүмкін. Оған қарапайым тілмен: «Банк те, полиция да телефонмен код сұрамайды», «ешкім ақшаңызды қауіпсіз шотқа аудармайды», «бейнебайланыспен шыққан адамның өзі де жалған болуы мүмкін» деп түсіндіру тиімді. Ал, жастарға дропперліктің жауапкершілігін, жалған инвестицияның механизмін, әлеуметтік желідегі жарнаманың қауіпін нақты мысалмен айту керек, – деді аға желел уәкіл.

Бір қарағанда, сақтық ережелері өте қарапайым. Бөтен нөмірден күмәнді қоңырау түссе – әңгімені тоқтату. SMS-кодты ешкімге айтпау. Күмәнді сілтемеге өтпеу. Әлеуметтік желідегі жылтырақ жарнамаға сенбеу. Оңай олжаға кенелемін деген жаңсақ ұғымнан арылу.

## Қауіпсіздік қағидасы

Полиция мамандары алаяқтыққа ұшыраған азамат ең алдымен, уақыт жоғалтпауы керек екенін ескерттеді. Егер адам күмәнді әрекетті байқаса немесе ақша аударып қойғанын түсінсе, дереу 102 нөміріне хабарласуы қажет. Сонымен қатар, банктің ресми байланыс нөміріне қоңырау шалып, шоттарды бұғаттауы керек. Одан кейін жақын маңдағы полиция бөліміне барып, арыз жазған дұрыс.

Мұндай жағдайда скриншот, телефон нөмірі, сілтеме, хат алмау, аударым түбіртегі сияқты деректердің бәрін сақтау маңызды. Себебі, әрбір ақпарат қылмысты ашуға немесе қаражат қозғалысын анықтауға көмектесуі мүмкін.

Онлайн нарық күн сайын мың құбылып келеді. Қызмет те, сауда да, төлем де, байланыс та телефонның ішіне көшті. Бұл – уақыт талабы. Өйткенмен, цифрлық мүмкіндік артқан сайын, алаяқтардың айласы да түрлене түсті. Бүгін бір схема әшкереленсе, ертең оның орнына жаңасы шығады.

Десе де, қандай жаңа айла-шарғылар шықса да, алаяқтық көздейтіні біреу – адамның сенімі. Бірде қорқытады. Бірде қызықтырады. Бірде асықтырады. Бірде жақынының амандығын алға тартады. Бірде тез байытамын деп үміт береді. Сондықтан, бұл күресте ең басты қару – сауат. Цифрлық сауат, қаржылық сауат, құқықтық сауат және ең бастысы – күмәндана білу мәдениеті. Күмән – қорқақтық емес. Күмән – қорғаныс. Әр күмәнді қоңырауға, әр жылтырақ жарнамаға, әр асығыс ұсынысқа бір сәт тоқтап қарау керек.

Суреттер облыстың полиция департаменті сайтынан

# «Ақылды» камералар орнатылуда

Облыс аумағындағы республикалық маңызы бар автожолда жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жаңа цифрлық жоба қолға алынды. Енді «Астана-Теміртау» автожолында жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған ақылды камералар орнатылып, жолдағы ахуалды түлік бойы үздіксіз бақылауға мүмкіндік туады.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы жол инфрақұрылымын цифрландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырды. Қазіргі уақытта ұзындығы 134 шақырым болатын автожол бойында тіректер орнатылып, камералар, күн панельдері, жел гене-



раторлары және деректерді беру құрылғыларын монтаждауға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа жүйенің ерекшелі-

гі – оның толық автономды жұмыс істеуі. Электр желісі жоқ жол учаскелерінде де камералар үздіксіз қызмет көрсете алады.

Қуат көзі ретінде күн энергиясы мен жел генераторлары пайдаланылады. Ал, жолдағы жағдай туралы ақпарат нақты уақыт ре-

жимінде орталыққа жіберіліп, тиісті қызметтердің жедел әрекет етуіне жағдай жасайды.

Жасанды интеллект бейнеақпаратты автоматты түрде талдап, жолдағы ықтимал қауіп-қатерлерді анықтайды. Атап айтсақ, жүйе жолға шыққан жаяу жүргіншілерді немесе жануарларды, қарсы бағыттағы қозғалысты, кері жүріп келе жатқан көліктерді, сондай-ақ, көлікті тоқтату және қою қағидаларының бұзылуын тіркей алады. Сонымен бірге, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірін, маркасы мен түсін дәл анықтау мүмкіндігі қарастырылған.

Қазіргі кезде мұндай технология «Алматы-Қонаев» ақылы автожолында пилоттық режимде сынақтан өтіп жатыр. Одан бөлек, «Астана-Щучинск» автожолында қажетті байланыс желілерін тарту және инфрақұрылымды дайындау жұмыстары жүргізілуде.

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ  
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ  
2026

Жоба толық іске қосылған соң барлық кешен бірыңғай интеллектуалды мониторинг жүйесіне біріктіріледі. Бұл республикалық автожолдардағы қауіпті жағдайларды ерте анықтауға, жол қызметтерінің әрекет ету уақытын қысқартуға және жол қозғалысы қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Кеншілер өңірінде жүзеге асырыла бастаған бұл бастама цифрлық технологиялардың көлік инфрақұрылымына кеңінен енгізіліп жатқанын көрсетеді. Ақылды бақылау жүйелері алдағы уақытта жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және жүргізушілер үшін қауіпсіз қозғалыс ортасын қалыптастыруға елеулі үлес қоспақ.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Жауынгерге жанашыр жоба



Әскер өмірі темірдей тәртіп пен төзімге негізделген. Танып атысынан кештің батысына дейін қатаң тәртіппен жүретін әскери қызметшілердің күнделікті тіршілігіне екінің бірі төтеп бермесі анық. Үнемі жауапкершілік пен психологиялық салмақты талап ететін қызмет барысында күйзеліске ұшырайтындар да жоқ емес. Сондықтан, оларға тек кәсіби даярлық қана емес, психологиялық қолдау, дұрыс бағыт-бағдар да ауадай қажет. Осы мақсатта «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы биылғы сәуірден «Азамат» жобасын қолға алды. Атап айтқанда, филиал мамандары өңірдегі әскери бөлімдерді аралап, 400-ге жуық әскери қызметшілер мен жас сарбаздарды қамтыған онға жуық ашық форматтағы тренинг өткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба қолға алынған аз ғана уақыттың ішінде өңірде ауқымды жұмыстар атқарылды. Жоба аясында филиал мамандары тәжірибелі психологтар мен салалық сарапшыларды жұмылдырып, өңірдегі әскери бөлім қызметшілермен, сарбаздармен жеке және топтық форматта кездесулер өткізді. Филиал жетекшісі әскерде несие жүктемесі ауыр жастардың қатары көптігін айтады. Осыған байланысты олармен жеке жұмыс жүргізіліп, қажетті психологиялық және ақпараттық қолдау көрсетіледі.

Мамандар әскерге енді қабылданған жас сарбаздармен жеке-жеке тренинг өткізді. Олардың арасында «Мен әскерде жүргенде несиемді кім төлейді?» деп алаңдайтындары көп. Мұндай мәселелерді әскери бөлім басшылығы бастапқы кезеңнен-ақ назарда ұстауы қажет. Себебі, қаржылық қиындыққа байланысты туындайтын уайым мен күйзеліс уақыт өте келе үлкен мәселелерге ұласуы мүмкін. Бірқатар жастар осындай уайым салдарынан өз-өзін басқара алмай, түрлі әрекеттерге баруы ықтимал. Тіпті, құмар ойынға әуестік те осындай қиындықтардан кейін басталуы мүмкін.

Сондықтан, жастарға дер кезінде қолдау көрсетіп, мәселесін ашық айтуға мүмкіндік беру маңызды. Бастапқыда жоба аясында 200 адамды қамтуды жоспарлаған болатынбыз. Алайда, сұраныс артып, қатысушылар саны күткенімізден де көп болды. Жыл соңында жобаның нәтижесін бағалау мақсатында фокус-топ өткізіледі. Оның барысында жобаға немесе семинарға қатысқандармен кері байланыс орнатылады, – деді қоғамдық бірлестіктің Қарағанды облыстық филиалының жетекшісі Индира Токмурина.

Жобаның арнайы бағыты бойынша жұмыс істейтін мамандардың бірі – «Азамат» жобасының сарапшысы, психодрама терапевті Гүлмира Отыншина. Сала маманы әскери қызметшілер және сарбаздармен тұрақты кездесулер өткізіп, «Лудомания» дертіне қарсы арнайы тренингтер ұйымдастырады. Оның барысында маман күрделі медициналық және психологиялық ұғымдарды қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізіп, жауапты шешім қабылдау жолдарын көрсетеді.

Бұл мәселе күштік құрылымдар үшін аса маңызды. Себебі, сала өкілдеріне қару сепіп тапсырылады. Ал, құмар ойынға тәуелді адамның психоэмоционалдық жағдайы тұрақсыз болуы мүм-



кін. Қарызға батып, тығырыққа тірелген жағдайда оның ойланбай, тәуекелді әрі қауіпті әрекеттерге бару ықтималдылығы жоғары. Әскери қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары. Олар заңның міндеттері мен ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Сондай-ақ, қоғам мен әріптестері алдындағы жауапкершілік, ар-намыс пен ұят сезімі де оларға үлкен психологиялық салмақ түсіреді. Сондықтан, әскери ортада мұндай тәуелділіктің алдын алу шараларының маңызы ерекше. Бұл топтағы адамдардың тәуекелге бейімділігі қарапайым азаматтарға қарағанда жоғары. Сол себепті профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуі керек. Әр тренингтен кейін жеке кеңес алуға ниет білдіретін әскери қызметшілер мен сарбаздар

Мамандар әскерге енді қабылданған жас сарбаздармен жеке-жеке тренинг өткізді. Олардың арасында «Мен әскерде жүргенде несиемді кім төлейді?» деп алаңдайтындары көп. Мұндай мәселелерді әскери бөлім басшылығы бастапқы кезеңнен-ақ назарда ұстауы қажет. Себебі, қаржылық қиындыққа байланысты туындайтын уайым мен күйзеліс уақыт өте келе үлкен мәселелерге ұласуы мүмкін. Бірқатар жастар осындай уайым салдарынан өз-өзін басқара алмай, түрлі әрекеттерге баруы ықтимал.

Алайда, олардың жеке мәселелері мен бізбен болған әңгімелері құпия сақталады. Бұл – мамандық этикасының басты қағидаларының бірі. Әр адаммен жеке жұмыс жүргізіп, оның мәселесін шешуге бағытталған қолдау көрсетеміз.

Әскери саладағы нәзік жандармен де тұрақты жұмыс жүргіземіз. Олар көбіне эмоционалдық жүктеме, қызмет пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі бойынша кеңес алады. Себебі, әйел адам үшін жұмыс пен отбасы жауапкершілігінің ара-жігін ажырату әрдайым оңай емес. Қызметтік міндетін атқарып болған соң, ол үйіне келіп, жар әрі ана ретіндегі жауапкершілігін қатар алып жүреді. Бұл – үлкен психологиялық және эмоционалдық салмақ. Сондықтан, оларға қажетті қолдау

дағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі бойынша кеңес алады. Себебі, әйел адам үшін жұмыс пен отбасы жауапкершілігінің ара-жігін ажырату әрдайым оңай емес. Қызметтік міндетін атқарып болған соң, ол үйіне келіп, жар әрі ана ретіндегі жауапкершілігін қатар алып жүреді. Бұл – үлкен психологиялық және эмоционалдық салмақ. Сондықтан, оларға қажетті қолдау

көрсету, ішкі ресурсын сақтауға көмектесу маңызды, – деді Гүлмира Отыншина.

Одан бөлек, психолог біраз мәселені адамның жеке тәжірибесі мен күнделікті өмірінен туындайтынын да жеткізді. Әсіресе, ер-азаматтар балалардың смартфонға шамадан тыс тәуелді болып бара жатқанына алаңдап, маман көмегіне жүгінетін көрінеді. Балаларының виртуалды ортадан шыға алмай жүргенін айтып, осы мәселені шешу жолдарын сұрайды.

Бұл дерттен арылудың ең тиімді жолы – баланы басқа нәрсемен қызықтыру. Яғни, әкесі таннан кешке дейін мемлекеттік маңызды қызметте болса да, уақыт тауып, кешкісін баласына: «Ұлым, жүр, далаға шығып футбол ойнайық!» десе, бұл бала үшін үлкен бақыт. Отбасымен бірге табиғат аясына шығып, бірге уақыт өткізудің өзі бала үшін шынайы қуаныш. Ол үшін көп ақша немесе қымбат саяхаттың қажеті шамалы. Тек бірге болу, бірлесу әрекет ету – маңызды. Отбасында бала әрдайым ата-анасына қарап өседі, – деді Гүлмира Сайдынкызы.

Осылайша, қоғамдық бірлестік мамандары қоғам үшін маңызды әрі жауапты істі қолға алып, жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Бүгінде олар әскер қатарына жанадан қабылданған жастармен тұрақты кездесіп, әрқайсысының мәселесін назардан тыс қалдырмай, қажетті қолдау көрсетуге басымдық береді. Қоғам бір күнде өзгермейді. Ал, ұрпағымыз саналы болсын десек, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, кез келген мәселеге бейжай қарамай, нақты көмек көрсетуіміз керек. «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы мамандарының да көздегені – осы.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Күз-ғұмырдың ізгі нұры

Зейнеткерлік – өмірдің соңы емес. Бірақ, қоғам оны жаңа мүмкіндікке айналдыра алып жүр ме? Қазақстанда халықтың өмір сүру ұзақтығы жыл сайын артып келеді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру жөніндегі тапсырмалары аясында елімізде азаматтарды өмірдің барлық кезеңінде қолдауға бағытталған әлеуметтік саясат жүйелі түрде жүргізілетінінің бір көрінісі. Президент тапсырмаларын іске асыру аясында қолға алынған бастамалардың нәтижесінде бүгінде егде жастағы азаматтарға белсенді әрі салауатты өмір сүруге жағдай жасалып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына басымдық беріледі.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Қариясын кәдірлемеген қоғам

Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – облыстағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының жұмысы. Зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтың қоғамдағы орны қандай? Ол еңбек жолын аяқтағаннан кейін әлеуметтік төлем алушы ғана болып қала ма, әлде өмірлік тәжірибесін ел игілігіне жаратып, белсенді өмір сүре ала ма? Бұл сұрақ бүгінде әлемнің көптеген елін толғандырады. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалып отырған жоқ. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары арқылы елімізде егде жастағы азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жаңа әлеуметтік саясат қалыптасып келеді. Бастапқыда мұндай орталықтарды көпшілік зейнеткерлердің бос уақытын ұйымдастыратын орын ретінде қабылдағанымен, уақыт өте олардың әлеуметтік маңызы әлдеқайда терең екені байқалды. Өйткені, мәселе тек гимнастикада немесе би үйірмесінде емес, адам-

ның қоғамнан ажырап қалмауында екендігі дәлелденді.

Қазақстанда еңбекке жарамай жаста асқан 2,6 миллионнан астам адам тұрады. Бұл – ел халқының шамамен 13 пайызы. Оның ішінде Қарағанды облысында 180 мыңнан астам зейнеткер бар. Бұл көрсеткіш Қарағандыны халықтың картаю деңгейі жоғары аймақтардың бірі ретінде көрсетеді. Сондықтан, егде жастағы азаматтардың өмір сапасын арттыру, олардың қоғамнан оқшаулануы қалмауына жағдай жасау бүгінгі әлеуметтік саясаттың маңызды бағытына айналып отыр.

Аймақта белсенді ұзақ өмір сүру орталығы 2022 жылдың шілдесінде айыны бері жұмыс істейді. Үш алаңнан басталған жоба бүгінде айтарлықтай кеңейді. Қазір бас орталықпен қатар бес филиал халыққа қызмет көрсетеді. Егер алғашқы жылы мұнда небәрі 14 бағыт бойынша қызмет ұсынылса, бүгінде олардың саны 30-ға жеткен.

Қарағанды қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры Саян Жарылғаповтың айтуынша, мекеменің басты мақсаты – аға буын өкілдерінің

белсенді, салауатты әрі жан-жақты өмір сүруіне жағдай жасау.

Біз зейнеткерлердің физикалық және психологиялық сергектігін сақтауға, қарым-қатынас аясын кеңейтуге, жаңа білім мен дағдыларды игеруіне, қоғамда өз қажеттілігін сезінуіне көмектесуге тырысамыз. Сондықтан, орталықта спорттық-сауықтыру, мәдени-демалыс, шығармашылық, цифрлық сауаттылық, психологиялық қолдау және кеңес беру бағытындағы қызметтердің барлығы бір жүйеге біріктірілген, – дейді ол.

Бүгінде орталыққа 2900-ден астам адам тұрақты келеді. Бұл көрсеткіш жобаның қоғам үшін қажетті екенін көрсетеді. Ең көп сұранысқа ие бағыттардың қатарында гимнастика, йога, фитнес, стретчинг, «Дені сау арқа» бағдарламасы, «Oxucise» тыныс алу гимнастикасы, скандинавиялық серуендеу, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, би, қазақ және ағылшын тілдерін үйрену, компьютерлік және мобильді сауаттылық курстары бар. Психологпен заңгердің кеңестері, психологиялық тренингтер, колонер бойынша шеберлік сабақтары, кітап оқу бұрышы, «Поэтикалық қонақ

бөлмесі», «Тілім – менің тірегім» клубы, «Күміс микрофон» караокесі мен «Әнші жүректер» вокалдық үйірмесі де тұрақты жұмыс істейді. Бұл қызметтердің әрқайсысы адамның уақыттан өткізуді ғана емес, өмірге деген қызығушылығын сақтауды мақсат етеді.

Бұл орталыққа алғашында денсаулығымызды жақсарту үшін келдім. Бірақ, уақыт өте келе мұнда тек жаттығу емес, жаңа орта, жаңа достар таптым. Қазір аптасына бірнеше рет келемін. Үйде отырғаннан осында келгенде өзімді сергек әрі қоғамға қажет адам ретінде сезінемін. Жасамызға қарамай, жаңа дүниені үйренуге болатынын осы орталық дәлелдеп берді, – деді зейнеткер Галина Сувельева.

## Жалғыздықтың емі – орта

Дәрігерлер адамның физикалық денсаулығы үшін қозғалыстың маңызын айтаса, психологтар жалғыздықтың адам денсаулығына тигізетін кері әсерін жиі көте-реді. Орталық мамандары да осыны күн сайын байқап отыр.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Өнер жас талғамбайды

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық ұжымдары бүгінде қала мәдениетінің бір бөлшегіне айналған. «Сәулем-ай», «Ару әжелер» және «Арқа әуендері» хор ұжымдары – қалалық және облыстық іс-шаралардың тұрақты қатысушылары. Ал, «Ағуғай» мен «Бастау» домбыра ансамбльдері ұлттық өнерді дәріптей келеді. «Грация» және «Гармония» би ұжымдары түрлі республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, Гран-при жеңімпазы атанған. Бұл жетістіктер егде жастың шығармашылыққа келергі емес екенін дәлелдейді.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін даму мүмкіндігі аяқталады деп ойланбаңыз. Керісінше, бұл – денсаулықты нығайтып, жаңа қызығушылықтарды ашатын, жаңа достар табатын кезең. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары әрбір адамның өзін қоғамға қажет, белсенді әрі бақытты сезінуі үшін құрылымдық интеллект» курсы ұйымдастырылды. Нәтижесінде 22 қызмет алушы арнайы сертификат иеленді. Ал, 2026 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетімен де ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, университет базасында «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» курсы ұйымдастырылды.

Қызмет алушылар үшін «Шалқыма» концерт залына, театрларға, мұражайларға, хайуанаттар бағына тегін бару ұйымдастырылады. ҚарЛАГ музейіне, «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешеніне және Қарқаралы ұлттық табиғи паркіне экскурсиялар өткізіледі. Мұндай шаралар адамдардың таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына ықпал етеді.

Суреттер Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының

• ЖОЛЖАЗБА

## Көкше теңіздегі айтулы шара

Орталық Қазақстандағы Көкше теңіздің қадір-қасиеті ежелден ел аузында тарих болып қатталып, аңыз болып жатталған. Көлемі жағынан еліміздің батысындағы бес елге ортақ Каспий теңізінен кейінгі, ел тұрғындарына географиялық жағынан қолжетімді, тұзды жағы мен тұшы жағы қатар тоғысқан мұндай көл туристік бағдарламаға сұранғалы қашан. Бір кездері Асан қайғы бабамыздың суреттеуінен кейін, қазаққа жеке қасиетімен танылып, құрметке бөленген әулие Қарамеде би бабамыз: «Ойы балық, қыры киік күнкоріске қолайлы-ақ өңір екен» деп баға берген Балқаш көлінің солтүстігі – қашаннан кәсібін адалдықпен, табиғатты аялап дөңгелеткен жұртқа бар мәйегін берген өңір. Кеншісі Балқаштың мыс зауытынан мыс ағызса, балықшысы көл сазанын сүзіп, ауыл еңбеккері пайдасы мен дәрумені мол азықты мал сүмесінен айырып, ел игілігіне ұсынып отырған өлке.



Қазіргі заман талабына сай туризмді дамыту мәселесі Мемлекет басшысы мен аймақ әкімдері жұмысының сол тәртібінде түскен емес. Өйткені, елішілік сапардың туған ел тарихын зерделеу әсерінен басқа, шағын және орта бизнесті дамытуға, тұрғындарды жұмыспен қамтуға қыруар мүмкіндігі мен пайдасы бар. Осыны саралаған облыс және қала басшылығы жыл сайын Көкше теңіз жағасында Балқаш туристік фестивалін өткізіп келе жатқанына биыл төртінші жыл.

Фестивальдің ашылу салтанатына және облыс әкімінің сол өңірдегі ардагерлермен кездесуіне облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов және осы жолдардың авторы шақырылған едік. Бардык. Үлгі алып, ой түйдік.

Фестивальдің ашылуы жылдағыдай әсерлі өтті. Қатар-қатар тігілген ақшаңқан шатырларда бәрі бар. Әр кәсіпкер өз өнімін дәріптеп, сауданы қыздырса, адамның рухани азығын да құр қалдырмай бір сөреде кітаптар, екіншісінде колонер өнімдері сап түзген. Кіре берісетегі қарсы алу бағанасы да туризм бағытындағы жоба-жоспарды айшықтап көрсетіп қарсы алса, енді бірінде Балқаш көлін жағалай орналасқан жағажай жайларының қарым-қабілетін суреттермен айшықтаған. Сахнаның безендірілуі мен кәсіби талапқа сай жасақталғаны сондаймен көзге ұрып тұрды. Сәнді киінген жастарымыздың көңіл келбетін көріп, көңілімізге қуаныш пен жұбаныш ұялап, болашаққа деген сенімнің беки түскенін сезіндік.

Аксоранның қойнына бүккен құпиясы ғалымдар тарапынан әлі де зерделуді күтіп жатыр. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан тыңғылықты зерттеп, ұлт қоржынына тарихтың субелі үлесін салған «Бегазы-Дөңдібай дәуірі» ғылыми зерттеу еңбегінің негізі болған Бегазы қорымымен танысып, қола дәуірі ескерткіштерін тамашаладық.

Балқаш турфестивалінен алған әсерді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекбаевтың Балқаш қаласы ардагерлерімен емен-жарқын жүздесуі еселей түсті. Облыс әкімі ардагерлермен кездесу барысында Балқаш қаласында атқарылып жатқан істердің кейбіріне тоқталып, болашақ жоспарларына мағлұмат беріп, игі істердің жүйелі жалғаса беретінін айтты. Кездесуге келген ардагерлер өкілдерінің көңілдеріне сенім ұялап, ризашылықпен тарағанын, күннің аптап ыстығына қарамай, көпке дейін пікір алмасып тұрған ардагерлер тобынан байқауға болатын еді.

«Балқаштурфест» шарасынан жақсы әсер алдық, облыс әкімінің ардагерлермен кездесудегі жылы сөздері де жан семіртті. Оған қоса, таяуда ғана Қарағанды қаласына іссапармен келген республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайыновтың, ел Президентінің жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңірудегі ардагерлер алдындағы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жасалған «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» атты жобаның 7 басым бағытының тарихи сана

мен бабалар аманаты тарауындағы қағидалары ойға оралды. Фестивальден кейін Балқаш көлінің солтүстігі Ақтоғай аймағындағы тарихи орындарды қайыра көріп, ой елегінен өткізіп, санамызды жаңғыртқанды жөн санадық.

Сапарымызды қазақ халқының бұлбұл үнді әншісі Күләш Байсейітованың жұртының тұсындағы ескерткішіне бас иіп бастап, атақты Нарманбет ақынның кесенесіне тәу етіп, Жінішке өзені бойындағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың Талдыбейітте жатқан ата-бабаларына, өңір тарихынан әңгіме қозғап, қалай жеткенімізді байқамай қалдық. Әлиханның туған жері Жекежал қыстағындағы қойылған белгі тастармен танысып, Әлекеннің елге келгенде, алдында жатқан құба жондар мен әсем табиғатқа сүйсіне қарап, қазақ елінің болашағына ой жүгіртіп, соның қызметі үшін тоқтамдарға келетін тақ тасына да отырып көрдік. Отырып көрдік

Әліхановтың жанындағы өз міндетін күйкі тірлігімізді сезініп, тез түсіп кеттік. Алдымызда сонадаймен көзге

ұрып, Сарыарқаның ең биік нүктесі Аксорақ айбаттанып менмұдалап тұрды. Аксорақтың қойнына бүккен құпиясы ғалымдар тарапынан әлі де зерделуді күтіп жатыр. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан тыңғылықты зерттеп, ұлт қоржынына тарихтың субелі үлесін салған «Бегазы-Дөңдібай дәуірі» ғылыми зерттеу еңбегінің негізі болған Бегазы қорымымен танысып, қола дәуірі ескерткіштерін тамашаладық. Тарихи орын маңындағы ауылдың да берекесі мен бірлігі жарасып, келген қонақтарға құшағын ашып, тарихи орынның шырақшысындай отырған жайлары бар екен. Өйтсе де, келетін туристердің Талдыбейіт пен Жекежалға, қола дәуірінің көне ескерткіші Бегазыға келетін жол ойық-шойық дала жолы. Қорықтың сақшысындай болып отырған ауыл тұрғындарының осы тарихи орындарға жететін асфальт болмаса да, көтерме жолдың жоқтығына, туристер түгелі өздерінің қиналатындары әңгіме нобайынан сезіліп тұрды.

Ақтоғайдағы «Үш арыс» ескерткішіне тәу етіп, фотоға түскен соң, Тоқырауын мен Ақтас өзендерінің қосылысында тұрған Қарамеде би кесенесіне, Кеншоқы ауылындағы Байсейіттің ұлы Нұрлан-жомарттың, Шерубай-Нұранның сол жақ жағасында жатқан Шабанбай би, Талдыдағы Сенкібай би, Қарағанды қаласының іргесінде жатқан Жалантос батыр кесенелерін көріп, танысып еліміз бен жеріміздің амандығына қол жайып, білген дұғамызды оқыдық.

Бұл сапарда жолдың ортасындағы темір жолақтардың әсерінен ұзап кеткендіктен Жидебай бабаның басына соға алмай, аруағынан кешірім сұрап, келесі сапарға қалдырдық. Жоғарыда аталған, халқына қадірі арқан, ел мен жердің тұтастығы үшін ерлік жасап, билік айтқан әруақты бабалар туралы құлағы тесік, санасында өткен ата-бабалардан саналы бар кез келген оқырман ұзақ-сонар әңгіме-аңыз айта алады. Сондықтан, бұл шағын мақалада ол туралы әңгіме қозғауды жөн көрмедік.

Жол сапарымыздың мақсаты еліміздің өткенін еске алып, жас ұрпақ өкілдерімен кездескенде, кешегі ел шетіне жау тиіп, ел ішінде дау болғанда уәлі сөзімен, көрсеткен ерлігімен елге тоқтау болған бабаларымыздың жатқан жерлері мен қоныстарын көзбен көріп, сезіну еді.

Міне, осылай, Балқаш қаласы мен Ақтоғай өңіріне сапарымыздан көңіл көкжиегіміз кенейіп, санамыз жаңғырып қайтты.

**Төлеужан АХМЕТБЕКОВ,**  
Қарағанды қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы

*Сурет автордан*

## Ұжымдық мүддеге ұмтылыс



Облыста «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының инклюзивті бағыты биыл ерекше серпін алды. Жазғы маусымда жастарға еңбек етуге, қоғамға үлес қосуға және ұжымдық ортада өз орнын табуға мүмкіндік берілді. Жоба аясында өңір бойынша 150 жұмыс орны қарастырылған.



**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласында бес инклюзивті жасақ тұрақты түрде жұмыс істейді. Тәлімгерлердің жетекшілігімен қатысушылар аулалар мен балалар ойын алаңдарын тазалау, аумақтарды абаттандыру сияқты қарапайым қоғамдық жұмыстарға тартылады. Жұмыс күні екі сағаттан аспайды және әр қатысушының жеке мүмкіндіктері ескеріледі. Сонымен қатар, кесте ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен міндетті түрде келісіліп отырады. Ұйымдастырушылар қауіпсіздік пен жайлы жағдайға ерекше мән береді.

Біз инклюзивті жасақтарға диагнозына қарамастан, өтініш білдіргендердің барлығын қабылдаймыз. Олар кәдімгі жасақтар сияқты аумақтарды тазалау, қоғалдандыру жұмыстарын атқарады, – дейді «Жасыл ел» республикалық штабы облыстық филиалының жетекшісі Сұлтан Шаймағанбет.

Жобаның алғашқы нәтижелері де о бағалануда. Қатысушылар өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, жаңа дағдыларды тез меңгеруде. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастардың жұмысқа деген қызығушылығы жоғары.

Алдағы жылы қатысушылар санын көбейту жоспарланып отыр.

Бұл жоба жастарға еңбек тәжірибесін жинауға, қабілетін көрсетуге және қоғамдық өмір-

ге белсенді араласуға жол ашады. Бірлескен күштің арқасында қаламызды таза әрі көрікті етіп келеміз, – дейді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова.

Инклюзивті жасақтар биыл «Жасыл ел» бағдарламасының маңызды бөлігіне айналып, оның ауқымы айтарлықтай кеңейген. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекбаевтың тапсырмасына сәйкес, жоба алғаш рет жыл бойы жүзеге асырылатын форматқа көшіп отыр. Жалпы өңірде бес мыңнан астам жас осы бағдарлама арқылы жұмыспен қамтылмақ.

Әлеуметтік осал топтарға ерекше қолдау көрсетіледі. Әр маусымда жұмыс орындарының 10-15 пайызы жетім балаларға, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдерге, сондай-ақ, мүгедектігі бар адамдар тәрбиеленетін отбасылардың балаларына бөлінеді.

Жоба аясында заманауи технологиялар да енгізілуде. Өтінімдер электрондық портал арқылы қабылданып, автоматты кезек жүйесі қолданылады. Жұмыс уақыты QR-кодтар арқылы тіркеледі, ал, қатысушылар жасыл желектерді цифрлық түрде жұмыстарына қатысады.

GreenMap жүйесі арқылы олар ағаштар мен бұталар туралы мәліметтерді электрондық базаға енгізіп, өңірдің жасыл аймақтарының цифрлық картасын қалыптастыруға үлес қосуда.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## «Қаныш жолы» жобасы қанат қақты

Бұқар жырау ауданында мектеп оқушыларына ғылыми білім беруді және олардың зерттеушілік қабілетін арттыруға бағытталған «Қаныш жолы» бағдарламасы іске қосылып, жүзеге асырыла бастады.

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жоба бағдарламасының бастамашысы болған да түбі бұқаржыраулық ғалым, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жанындағы «Akyubaev research center» технопаркнің директоры, PhD, профессор Асылбек Зейниденов еді. Ол осыдан екі жыл бұрын осындағы аудандық Модерниет үйінде жерлес ғалым, Қаныш Сәтбаевтың шәкірті, академик Арықтай Қайыповтың туғанына 110 жыл толуына арналған салтанатта жасаған баяндамасында осы мәселені көтеріп, келешекте аудан оқушылары арасынан Қанағ мен Арықтай ағасының жолын қуатын жас ғалымдарды тәрбиелеп, көптеп шығару туралы ойларын ортаға салған болатын. Мұны сол жиынға қатысып отырған Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын да бірден қолдаған.



Міне, осыдан кейін Асылбектің идеясын жақтаушылардың қатарына осы аудандағы Ақжар ауылының тумасы ҰҒА акаде-

мигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы стейдті қосылыстар химиясы зерт-

ханасының меңгерушісі Борах Төлеуов, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті «STU-ENGINEERING» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Оюм Балабаев және тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жамбыл Жұмабеков қосылып, осы жобаны бірлесіп қолға алған.

Бұл жобаның бағдарламалық мақсаты – аудан мектептері оқушыларын жетекші ғалымдармен кездестіру арқылы олардың ғылымға ықыласын, Қаныш Сәтбаев сынды ұлы тұлғаның ғылыми мұрасын насихаттап, патриоттық сезімдерін ояту, инновациялық технологиялармен таныстыру, білім мен ғылымдағы трендтерді ауыл жастарына жеткізу, функционалдық сауаттылықты дамыту, оқушылардың сыни ойлауын, жобалық және зерттеу қабілеттерін жетілдіру, тең мүмкіндік беру, ауылдық жерде тұратын балалардың да қалалық оқушылар сияқты ғылыми ортамен араласуына жағдай жасау.

Қарағандылық ғалымдардың

бастамасын бірден қолдаған Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын олардың аудандық білім бөлімінің жыл соңындағы қорытынды жиындарына қатысып, мектеп басшыларымен жүздесіп, өз ойларын айтуына бірнеше рет мүмкіндік беріп, оларды өзі де арнайы қабылдады. Соның барысында дарынды оқушыларды қолдау, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту және ғылымға ерте жастан баулу үшін бірінші алаң құрудың қажеттігі атап өтіліп, оның қорытындысы негізінде ауданның жазғы мектептегі оқушыларына арналған «Қаныш жолы» ғылыми білім беру бағдарламасын іске қосу, сондай-ақ, ауданнан шыққан ғалымдар қауымдастығын құру және «Бұқар жырау ауданының ғалымдары» энциклопедиясын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын қалыптастыру туралы шешім қабылданған.

Осыдан кейін аталған ғалымдар тобы Керней тірек мектебінің жазғы демалыс аймағына барып, аудандық білім бөлімінің басшысы Абылай Жәлелов «Қаныш жолы» жас зерттеушілер Академиясының ашылуымен құттықтап, оның мақсат, міндеттерін түсіндірді.

Жазғы мектеп шәкірттері алдында PhD, профессор Асылбек Зейниденов заманауи білім беру

трендтері мен инновациялар туралы айта, профессор, техника ғылымдарының кандидаты Оюм Балабаев жас зерттеушілерге техникалық шығармашылықтың қыр-сырын ашып көрсетіп, ал, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Жамбыл Жұмабеков қазақ ғылымының атасы Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасы және ұлттық ойдың дамуы жайында құнды дәріс өткізді.

Айта кету керек, бұл Бұқар жырау ауданында тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған ғылыми бағыттағы жазғы мектеп болса, болашақта мұндай шаралар дәстүрге айналып, ауыл жастарының ғылыми әлеуеті артуына негіз қаланып болады, – дейді Асылбек Зейниденов.

Енді «Бұқар жырау ауданының ғалымдары» энциклопедиясын әзірлеуге байланысты құрылған жұмыс тобы осы өңірден шыққан ғалымдардың өмірі мен қызметі, ғылыми еңбектері мен алған атақ-дәрежелері, марапаттары жөнінде мәліметтер жинастырып, ол кітапты осы биылдан қалдырмай жарыққа шығару қамында.

**Бұқар жырау ауданы**

*Сурет ұйымдастырушылардан*

# Көнеден көшкен күй керуен

Қазақтың қасиетті қара домбырасы – ұлттың жаны, халықтың гасырлар бойғы шежіресін шерткен киелі мұра. Сол мұраны көзінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттап келе жатқан өнер иелерінің бірі – белгілі домбырашы, ұстаз, күйші-композитор Мейрам Ермебетов.

**Нұрлос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мейрам Ермебетов 1957 жылдың 1 мамырында Ақтоғай ауданының Қусак селолық округіне қарасты сол кездегі Шұбартау совхозында дүниеге келген. Өнерге деген құштарлығы бала кезінен-ақ байқалған ол 1974 жылы Балқаш қаласындағы №2 Абай атындағы орта мектепті тәмамдады. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін Жезқазған мәдени-ағарту училищесінің ұлт аспаптары бөліміне түсіп, домбыра өнерінің қыр-сырын кәсіби деңгейде меңгеріп шығады. Еңбек жолын 1979 жылы Приозерный аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастаған жас маман бір жылдан соң өзінің өмірлік жолын ұстаздықпен байланыстырады. 1980 жылдан бастап, Приозерный ауданындағы (қазіргі Шашубай кенті) балалар музыка мектебінде домбыра сыныбының мұғалімі болып еңбек етіп, бірнеше буын шәкірті тәрбиелейді.

Ұстаздың ең үлкен жетістігі – оның шәкірттері. Мейрам Ермебетов тәрбиелеген жас домбырашылар республикалық және халықаралық фестивалдер

мен байқауларда топ жарып, лауреат атанып, Гран-при жүлделерін иеленіп келеді. Бұл – ұстаз еңбегінің жемісі, өнерге деген адалдығының айқын көрінісі. Домбыра өнерін дамыту жолында ол тек орындаушы әрі ұстаз ғана емес, әдіскер ретінде де елеулі еңбек сіңірді. Оның авторлығымен жарық көрген «Домбыраға арналған пьесалар мен күйлер» атты оқу жинағы еліміздің балалар музыка мектептеріне оқу құралы ретінде ұсынылды. Бұл еңбек жас домбырашылардың кәсіби қалыптасуына бағытталған құнды әдістемелік құралдардың бірі.

2010 жылдан бастап, Балқаш қалалық Балалар өнер мектебінде домбыра сыныбы бойынша дәріс берген тәжірибелі ұстаздың еңбегі жоғары бағаланды. Сол кездегі мектеп директоры Раиса Жанатқызының ұсынысымен 2018 жылы Мемлекетаралық Армения, Беларусь, Қазақстан және Ресей елдерінің президиум сараптама кеңесінің шешімімен «Білім саласына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталып, халықаралық энциклопедияға енгізілді. Мейрам Ермебетовтің шығармашылығы орында-

ушылық өнермен ғана шектелмейді. Ол – күйші-композитор. Оның «Аңсау» атты төл шығармасы аудандық және облыстық басылымдарда жарияланып, кейін «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі шығарған «Қазақтың жаңа 100 күйі» жинағына енді. Бұл автор шығармашылығының кәсіби ортада лайықты бағаланғанын айғағы.

2019 жылдан бері Мейрам Ермебетов Қазақстанның «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі ретінде ұлттық күй өнерін насихаттауға белсене атсалысып келеді. Өнер иесінің тағы бір елеулі еңбегі ел ішінде ұмыт бола бастаған көне мұраны қайта жаңғыртуы. Ол қазақтың дәулеткер күйшісі Сармантайдың Ахметжанының бүгінге дейін сақталған «58-статья» күйін орындап, халыққа қайта жеткізген санаулы орындаушылардың бірі. Ұзақ жылдар бойы көлеңкеде қалып, ел құлағынан алыстай бастаған күйлерді сахнаға шығарып, олардың өміршеңдігін сақтап қалуға өлшеусіз үлес қосып келеді. Бұл – ұлттық музыка мұраны сақтау жолындағы үлкен азаматтық еңбек, кейінгі ұрпаққа қалдырылған баға жетпес рухани қазына.

Мейрам Ермебетов есімі қазақ күй өнерінің тағы бір тарлан тұлғасы – күйші-композитор Мағауия Хамзинмен де



тығыз байланысты. Бүгінде ол Мағауия Хамзиннің өз қолымен жасап, тартқан қасиетті домбырасын ерекше құрметпен сақтап келеді.

– Мағауия Хамзин бұл домбыраны 1996 жылы балама сыйлады. Ол кезде күйші Балқашта тұратын. Жиі араласып тұрдық, шәкірті болып соңынан ердік. Бір күні үйімізде қонақта болып, күй тартып отырғанында екінші ұлым

күй ырғағына билей жөнелді. Соған риза болған ұстаз қолындағы домбырасын балама сыйлап, ақ батасын берген еді. Бұл өз қолымен жасаған домбырасы. Ол кісі қазақтың ұлттық аспаптарының табиғатын терең зерттеп, олардың үнін, құрылымын қалпына келтіруге өмірін арнады. Қазақ домбырасының қоңыр үнін қайта жаңғыртуды армандады, – дейді Мейрам Ермебетов.




Оның айтуынша, бұл домбыраның дыбыстық, құрылымдық және саздық ерекшеліктері өзгеше. Сондықтан, өнер иесі тарихи жәдігерді көзінің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа жеткізуді өзінің азаматтық парызы санайды. Алдағы уақытта осы құнды мұраны кеңінен насихаттап, ұлттық құндылықтардың мәртебесін көтеруге күш салмақ. Айтпақшы, күйшінің өнеріндегі ерен еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 2022 жылы ол Мәдениет және спорт министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Оның еңбегі – халқымыздың күй өнерінің алтын қорын толықтырып, ұмыт болған асыл мұраны қайта жаңғыртуымен құнды. Ұлттық өнердің тамырына нәр беріп жүрген осындай азаматтардың арқасында қазақтың қоңыр күйі мәңгілік жасап, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні сөзсіз.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

# Қашықтықты қысқартқан кеңес

Цифрлық технология қарыштап дамыған сайын оның игілігі денсаулық сақтау саласында да айқын көрініп келеді. Соның жарқын бір мысалы – телемедицина. Бұл жүйе әсіресе, шалғай ауылдағы ағайын үшін тиімді. Бұрын бейінді маманның кеңесін алу үшін облыс орталығына арнайы баруға тура келсе, енді бірқатар жағдайда қажетті кеңесті ауданның шықпай-ақ алуға мүмкіндік бар.



**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде телемедицина жобасы бытырғы жылдың қыркүйегінен бастап, жұмыс түрде іске аса бастады. Қазір телемедициналық жабдықпен 105 елді мекен қамтылған. Бұл жоспарланған көлемнің 89,7 пайызына тең. Жоба 200 мыңнан астам тұрғынға қолжетімді. Алдағы жеке – облыстағы 117 медициналық ұйымды қамту.

Телемедицинаның басты мақсаты да сол – ауылдағы пациент пен облыстық маман арасындағы арақашықтықты қысқарту. Науқас жергілікті медициналық ұйымға келеді. Сол жерде дәрігер немесе фельдшер қажетті мәліметтерді жинақтап, облыстық ауруханадағы бейінді маманмен байланысқа шығады. Талдау қорытындылары, тексеріс нәтижелері, шағымдар мен клиникалық деректер онлайн қаралады. Соның негізінде әрі қарайғы ем, қосымша тексеру немесе бақылау тәртібі айқындалады. Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана-

да телемедициналық кеңес бес бағыт бойынша жүргізіледі. Олар – оториноларингология, офтальмология, неврология, нейрохирургия және травматология.

– Мұндай формат шалғай елді мекен тұрғындарына бейінді маман кеңесін дер кезінде алуға жол ашады. Әсіресе, жол жүруі қиын, облыс орталығына арнайы келуге мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қашықтан берілетін кеңестің маңызы зор. Жобаның нақты нәтижесі де іс жүзінде айшықталып келеді. Мәселен, Шет ауданынан 38 жастағы тұрғын оториноларингологтың кеңесін облыс орталығына келмей алды. Онлайн қабылдау барысында пациенттің жағдайы қаралып, жергілікті дәрігер ұсынған мәліметтер негізінде емдеу және бақылау бағыты белгіленді, – деді аурухананың консультативтік-диагностикалық орталығының жетекшісі Гүлнар Қыстаубаева.

Балалар денсаулығы бағытында да телемедицина мүмкіндігі кеңейіп келеді. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасында ауылдық жердегі балаларға мамандардың кеңесін қашықтан

беру тәжірибесі енгізілген. Аурухананың диагностикалық орталығының меңгерушісі Айжан Таймурзанова бұл жобаның ата-аналар үшін қолайлы екенін айтады. Себебі, бала денсаулығына қатысты мәселе туындағанда облыс орталығына жол жүру, кезек күту, қосымша шығын шығару оңай емес.

Абай ауданына қарасты Миучурино ауылының 14 жастағы тұрғыны нефрологтан онлайн кеңес алған. Қабылдау қорытындысы бойынша оған қосымша тексеру, емдеу және әрі қарай бақылау жөнінде ұсыныстар берілді. Мұндай тәсіл созылмалы ауруы бар балаларды бақылауда ұстауға, емнің үзілмеуіне және ата-ананың уақытылы бағыт алуына көмектеседі.

Телемедицина онкологиялық көмек бағытында да жолға қойылған. №3 көпбейінді аурухана мамандары шалғайдағы тұрғындарға онколог дәрігерлердің кеңесін қашықтан алуға мүмкіндік беріп отыр. Жоба аясында Нұра ауданының 75 жастағы тұрғыны онкогинекологтан онлайн кеңес алды. Қабылдау ба-



рысында оның медициналық құжаттары мен тексеріс нәтижелері қаралып, әрі қарайғы диагностикалық тексеру, емдеу және динамикалық бақылау тәртібі нақтыланды.

Кардиология саласында да қашықтан кеңес беру жолға қойылған. №2 көпбейінді аурухана мамандары ересектер және балалар кардиологиясы, кардиохирургия, аритмология, ангиохирургия бағыттары бойынша консультация жүргізеді. Осы орайда Бұқар жырау ауданының 66 жастағы тұрғыны кардиологтан онлайн кеңес алып, емдеу бағытын нақтылаған.

Облыстық клиникалық аурухана да телемедицина арқылы аудан тұрғындарына облыстық мамандардың кеңесін беріп келеді. Шет ауданындағы 63 жастағы пациентке кардиолог онлайн форматта кеңес беріп, қосымша тексеру мен емделу шараларын бекіткен.

Қашықтан кеңес беру ауылдағы дәрігерге де қолдау. Бір елді мекенде барлық жағынан бейінді маманның болуы мүмкін емес. Ал, телемедицина арқылы аудандық дәрігер күрделі клиникалық жағдайда облыстық әріптесімен ақылдасып, шешімді бірге нақтылайды. Осылайша, пациент те уақытылы көмек алады, жергілікті медицина қызметкері де кәсіби сүйенішке ие болады.

Әрине, жаңа жүйенің толық нәтиже беруі интернет сапасына, жабдықтың тұрақты жұмыс істеуіне, медицина қызметкерлерінің цифрлық дағдысына тікелей байланысты. Дегенмен, бастама ауыл мен қала арасындағы медициналық қашықтықты азайтудың нақты қадамына айналып келеді.

Телемедицина барлық мәселені бірден шешпейді. Бірақ, ол шалғайдағы тұрғынға облыстағы маман кеңесін жақындатады. Ал, денсаулықта уақыттың құны қашанда жоғары. Уақытылы кеңес, дұрыс бағыт, нақты бақылау – жаңа жобаның басты ұтары осы.

Сурет облыстың денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінен

# Кітап па, әлде смартфон ба?

«Қазіргі жастар кітап оқымайды, бар уақытын смартфонға жұмсайды» деген пікірді жиі естиміз. Үлкен буын өкілдері арасында цифрлық технологиялар жас ұрпақты дәстүрлі құндылықтардан алыстатып қалды деген алаңдаушылық бар. Алайда, бұл пікір қаншалықты шындыққа жанасады? Жастар кітаптан алыстады ма, әлде оқу мәдениеті заман талабына сай өзгеріп жатыр ма?

Меніңше, қазіргі жастарды «жаппай кітап оқымайды» деп бағалау – біржақты көзқарас. Себебі, оқу мәдениеті адамның ізденісіне, қызығушылығына және білімге деген ұмтылысына байланысты.

Осы мәселені зерделеу мақсатында замандастарым арасында шағын сауалнама жүргізіп, бақылау жасадым. Нәтижесінде жастардың кітапқа деген қызығушылығы жоғалмағанын, тек, ақпаратты қабылдау тәсілі өзгергенін байқадым. Бүгінгі жас оқырман қағаз кітаптан қатар электронды кітапты, аудиокітапты және цифрлық платформаларды да пайдаланады.

Цифрлық дәуірде смартфон күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Қазір кішкентай ғана ұялы телефонның ішінде жүздеген кітап сақтауға болады. Электронды кітапханалар мен түрлі қосымшалар кез келген шығарманы қолжетімді етті.

Дегенмен, смартфонның пайдасы мүмкіндіктерімен қатар, зиянды тұстары да бар. Әлеуметтік желі, хабарламалар мен түрлі қосымшалар адамның оқу жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін. Экраннан ұзақ мөтін оқу кейде терең ойлануға мүмкіндік бермей, ақпаратты үстірт қабылдауға әкеледі.

Ал, дәстүрлі кітаптың өзіндік ерекшелігі бар. Қағаз кітапты қолына алып, тыныш ортада оқу адамның ой жинақтауына, шығарманы терең түсінуіне ықпал етеді.

Кітаптың парағын ашып, мазмұнына толық ену – ерекше рухани тәжірибе.

Сондықтан, смартфон мен кітаптың екеуінің де өз орны бар. Ең бастысы – адамның ақпаратты қалай және қандай мақсатта пайдаланатынын.

Қазіргі жастардың кітап таңдау талғамы да өзгерді. Бұрын көркем әдебиет бірінші орында болса, бүгінде жас оқырмандар психология, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынас мәдениеті, мотивация және тұлғалық өсу бағытындағы кітаптарға көбірек қызығушылық танытады.

Жастар арасында кітап оқи отырып, оны талқылау мәдениеті де қалыптасып келеді. Әлеуметтік желілердегі кітап қауымдастықтары, пікір алмасу алаңдары, әдеби жобалар жастардың оқу белсенділігін арттыруда.

Яғни, қазіргі жас буын кітаптан бас тартқан жоқ. Олар тек кітаппен байланыс жасаудың жаңа жолдарын таңдауда. Технология қанша дамыса да, кітаптың адам өміріндегі маңызы жойылмайды. Себебі, кітап – ол адамның ойлау қабілетін дамытатын, дүниетанымын кеңейтетін рухани құрал.

Жастарды «оқымайды» деп сынаудың орнына, олардың оқу дағдысының өзгергенін түсінуіміз керек.

**Асылтай АМАНТАЕВА,**  
№68 орта мектептің  
II-сынып оқушысы  
**ҚАРАҒАНДЫ**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратурасының келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура тілі), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Түризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылытатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнес-ті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық), Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласында орналасқан аудандық «Абай Ақиқат газетінің редакциясы» ЖШС (БСН 990440005128) мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## • ХОККЕЙ

## «Сарыарқа» құрамын жасақтауда



Тамызда хоккейден Қазақстан Кубогы жалауын көтерсе, қыркүйекте ел чемпионатының жаңа маусымы басталады. Ал, қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы алдағы додаға дайындықты қазірден бастап кетті. Команда басшылығы жаңа маусымға арналған құрамды жасақтау жұмыстарына белсене кірісіп, бірқатар ойыншылармен келісімшарт мерзімін ұзартты. Сонымен қатар, кейбір хоккейшілермен өзара келісім негізінде қош айтысты.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Команда сапынан кеткендердің қатарында шабуылшы Захар Пархоменко да бар. Ол өткен маусымда 45 матчқа қатысып, үш шайба соғып, сегіз нәтижелі паспен көзге түсті. Сондай-ақ, шабуылшы Тимофей Симонов та алдағы маусымда «Сарыарқа» жейдесінде өнер көрсетпейді. Қос шабуылшы өткен маусымда жауапты кездесулерде сенімді ойын өрнегін көрсетіп, жанкүйерлердің ыстық ықпалына бөленген. Бұдан бөлек, клуб қақпашылар бапкері Макар Кармалинмен де қош айтысты. Макар Александрович 2024 жылы «Сарыарқаның» бапкерлер штабына қосылып, екі маусым бойы команданың қақпашылары дайындауға сүбелі үлес қосты.

«Сарыарқаның» жаңа маусымдағы жаңа ойыншыларының бірі – шабуылшы Владислав Никулин. Ол өткен маусымды Беларусьтің Орша қаласындағы «Локомотив» клубында өткізген. 16 матчта бес шайба соғып, тоғыз нәтижелі пас берді. Айта кетерлігі, Никулин бұған дейін де қарағандылық клуб сапында өнер көрсеткен. Ол 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 жылдары «Сарыарқаның» намысын қорғаған.

Жаңа маусымда «Сарыарқа» жейдесін киетін тағы бір шабуылшы – Дмитрий Преснов. Өткен маусымда ол «Арлан» сапында 50 матчқа қатысып, 19 шайба соғып, 39 нәтижелі паспен команданың көшбасшыларының бірі атанды. Сондай-ақ, қарағандылық клуб қорғаныс шебін тәжірибелі ойыншы Виталий Люлюковпен толықтырды. Ол өткен маусымды Ресей-

дің «Дизель» клубында өткізіп, 49 матчқа қатысқан. Өзінің сенімді ойынымен ерекшеленген қорғаушы жаңа маусымда «Сарыарқаның» қорғаныс шебін күшейтеті деген үміт бар.

Сонымен қатар, клуб басшылығы бірқатар негізгі ойыншылармен келісімшарт мерзімін тағы бір маусымға ұзартты. Жаңа маусымда шабуылшылар Евгений Королевский, Константин Пальмтаг, Владимир Волков, Артём Лихотников, Данила Карабань, Александр Борисевич, Руслан Демин және Кирилл Пономарев «Сарыарқа» сапында өнер көрсетуді жалғастырады. Ал, қорғаныс шебінде Эдгаре Сиксна, Эдуард Михайлов, Иван Степаненко, Егор Наместников және Ярослав Хриповпен де бір маусымға жаңа келісімшарт жасалды. Осылайша, клуб өткен маусымдағы негізгі ойыншылардың басым бөлігін сақтап қалып, жаңа маусым алдында құрамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге басымдық беріп отыр.

Сурет клубтың әлеуметтік желісіндегі парақшасынан

## • ТУРНИР

## Ардагер рухына арналды

Облыстық полиция департаментінің арнайы кәсіби даярлық басқармасы мен «Арлан» спорт клубының ұйытқы болуымен полиция генерал-майоры, ішкі істер органдарының құрметті қызметкері Нұрлан Рахымберлинді еске алуға арналған шағын футболдан дәстүрлі турнир өтті.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Құқық қорғау және күштік құрылымдар қызметкерлері арасында өткен турнирге облыстағы түрлі ведомстволардан 12 команда қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатына Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Талғат Мұғманов, Нұрлан Армияұлының отбасы мүшелері және ішкі істер органдарының ардагерлері қатысты.

– Нұрлан Рахымберлин – ішкі істер саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлға. Ұзақ жылдар бойы облыстық ішкі істер департаментін басқарып, өңірдегі құқық қорғау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Оның кәсіби біліктілігі, адамгершілік қасиеттері мен ел қауіпсіздігі жолындағы еселі еңбегі әріптестерінің жадында мәңгі сақталады. Осындай тағылымды турнирдің дәстүрге

айналуы – аға буынға деген құрметтің айқын көрінісі, – деді Талғат Мұғманов. Өз кезегінде Нұрлан Рахымберлиннің ұлы әкесінің есімін ұлықтап, еске алу турнирін ұйымдастырған Қарағанды облысы полиция департаментінің басшылығы мен ұжымына отбасы атынан ризашылығын білдірді.

Жарыс қорытындысы бойынша III орынды Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының командасы иеленді. II орын облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құрамасына бұйырды. Ал, турнирдің бас жүлдесін облыстық полиция департаментінің командасы жеңіп алды.

Сондай-ақ, жарыс барысында ерекше ойын өрнегін көрсеткен үздік футболшылар арнайы аталымдар бойынша марапатталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар, медальдар, дипломдар және арнайы сыйлықтар табысталды.

Сурет Polisia.kz сайтынан

## • ЖОБА

## «Біздің жер, біздің тарих»

Маусым айының басынан бері «Қарағанды облысының экологиялық музейі» қоғамдық ұйымында Оңтүстік Каролина университеті Антропология кафедрасының қолдауымен «Біздің жер, біздің тарих» жобасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – өмірлері Семей ядролық полигонымен байланысты тұрғындардың ауызша куәліктерін сақтауға негізделген.

Ермек БАЛТАШУЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның негізгі принципі – ядролық сынаққа қатысты қандай тарихты сақтауға болатынын және кең аудиторияға оларды қалай ұсыну қажеттігін анықтауға жергілікті тұрғындарды барынша белсенді түрде тарту. Сөз болып отырған жобаның нәтижесінде Семей ядролық полигонымен іргелес өңірлерде өмір сүрген адамдар тұрмысының көрмесін және олардың ауызша тарихының архивін жасау. Жоба Қазақстанның тарихи ескерткішінің маңызды бөлігін сақтауға, ядролық мұра туралы қоғамдық диалогты қолдауға, сынақтарға куә болған адамдардың өз әсерлері мен ойлары туралы ашық айтуына мүмкіндік беру.

Жобаны халықаралық зерттеушілер командасы Қарағанды экологиялық музейі қызметкерлерімен бірлестікте жүзеге асыруда. Жобаның жетекшісі – Магдалена Ставковски, медицина антропологиясы, Семей полигонының ядролық мұрасын зерттеуде тәжірибесі мол маман. Жобаға қатысушылар: Дмитрий Калмыков, Қарағанды облыстық экологиялық музейінің дамуы бойынша директоры, жобаның үйлестірушісі; Дана Ермолёнок, қосалқы зерттеуші, жергілікті қоғамдастықпен жұмысқа және ауызша тарихты жинастыруға қатысушы; Мақсат Жәнібек, қосалқы зерттеуші, зардап шеккен қоғамдастық өкілі, ауызша тарих және архив материалдары бойынша маман.

## • МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Рух пен инновация үндестігі

Сарышаған кенті кітапханасында «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш!» атты ерекше Digital Timeline (цифрлық хронология) көрмесі ұйымдастырылды. Ұлттық тарихымызды заманауи технология арқылы таныстыруда мақсат еткен бұл жоба оқырмандардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Көрме барысында Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, ұлт азаттығы жолындағы күресі цифрлық хронология форматында ұсынылып, келушілер тари-

хи деректермен жаңа үлгіде танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл бастама ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, кітапхана жұмысындағы инновациялық

бағыттың да айқын көрінісі болды.

Шараға қатысқан оқырмандар көрменің мазмұндылығы мен заманауи безендірілуіне жоғары баға берді. Мұндай тағылымды жобалар өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық рухты нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Осындай мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған кітапхана ұжымының еңбегі

ерекше құрметке лайық. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз кітапханашылар оқырманға сапалы қызмет көрсетіп, мәдениет ошағының беделін арттыруға сүбелі үлес қосып келеді.

Рысқұл СЕЙІЛХАН,  
оқырман

Ақтоғай ауданы

## • БӘРЕКЕЛДІ!

## Киара мен Муфаса – Қарағандыда

Жолақты жыртықшының қос төлі енді есім иеленді. Хайуанаттар бағында көктемде дүниеге келген Амур жолбарысының шөңжітері көпшілікке Киара және Муфаса есіммен таныстырылды. Күні кеше ғана алақанға сыйып кетердей болған қос шөңжік бүгінде айбаты жыртықшыға тән мінез таныта бастады.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпшіліктің дауы беруі нәтижесінде ұрғашы шөңжікке – Киара, ал, еркегіне Муфаса деген ат қойылды. Бұл есімдер көпшілікке әйгілі «Арыстан патша» мультфильмінен таныс. Шөңжіктерге ат қою үшін Қарағанды хайуанаттар бағы әлеуметтік желіде арнайы байқау ұйымдастырған. Байқауға қала тұрғындары мен жануарлар әлеміне жанашыр жандар белсенді қатысып, 300-ден астам ұсыныс жолданған. Соның ішінен арнайы комиссия көпшілікке жылы естілетін әрі жолақты жыртықшылардың мінезін үйле-



сетін Киара мен Муфаса атауына тоқтаған.

– Біз хайуанаттар бағының тек жануарлар әлемімен таныстыратын орын ғана емес, балалар мен ересектерді ұлттық мәдениетке жақындастыратын маңызды

алаң болғанын қалаймыз. Сондықтан, жас домбырашылар арасында онлайн байқау ұйымдастырып, жеңімпаздарды дипломдармен және сыйлықтармен марапаттадық. Мерекелік іс-шара барысын-

да жолбарыс шөңжіктерінің есімдерін жарияладық. Шынын айту керек, таңдау оңай болған жоқ. Бұл байқауға белсенді қатысқан барша жайсаң жанға алғыс айтамыз, – деді Қарағанды хайуанаттар бағының директоры Гүлнара Адамбекова.

Қазір Киара мен Муфаса анасы Мияның қасында. Мамандар олардың әр қимылын, тәбетін, салмақ қосу динамикасын және ортаға бейімделуін жіті бақылап отыр. Жолбарыс табиғатынан жалғыз жүретін жыртықшы болғандықтан, оны жұптастырудың өзі оңай шаруа емес. Ал, жаңа туган шөңжіктердің аман жетілуі – зообак қызметкерлерінің ұзақ еңбегі мен кәсіби күтімінің нәтижесі.

Алдағы уақытта жолақты жыртықшылардың бірін Қарағандыда қалдыру, екіншісін басқа хайуанаттар бағымен айырбастау жоспарда. Биыл хайуанаттар бағында төлдеген жануарлар қатары аз емес. Амур жолбарысының шөңжіктерінен бөлек, шетелдік пониі, суропалық бұғы, камерун ешкісі және басқа да жануарлар төлдеген.

Сурет облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
К.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК КСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 284

№73 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН